Бастауыш сыныптағы математика пәнін оқытудағы ең басты міндет баланың логикалық ойын дамыту, оқушылардың білімін шыңдау және тереңдету, ойлау қабілетін дамыту. Курстың оқу бағдарламасының көрсетілген тақырыптары мектеп бағдарламасында теориялық тұрғыдан берілсе, курсты оқытуда практикалық жағына мол көңіл бөлінеді. Оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі оқыту сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес, 28.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығына 1-қосымшасы "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің Оқытудың негізгі сатысына арналған жұмыс оқу жоспарын құрастыру барысында "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынды. Жұмыс оқу жоспарының вариативтік компоненті бойынша "Жаһандық құзыреттілік" курсына 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағаттан бөлінген.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда бекітілген №348 бұйрығының 3-қосымшасы "Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының" 2-тарауы "Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар" 38-тармағында сәйкес **"Жол қозғалысы ережелері"** оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады; Білім беру ұйымдарында көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қармастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады ескере отырып 5-9-сынып оқушылары көркем еңбек пәнінен екі топқа бөліп оқыту қарастырылған.

4-тарауы "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" 56-тармағында

" Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Оқу жоспарындағы жеке пәндерді оқытуға бөлінген сағаттар саны оқыту сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес 28.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 6-қосымша негізінде жасалған

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша

Оқытудың жоғары сатысы жұмыс оқу жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 131-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім беру сатысында қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 2 сынып саны бар. Шетел тілі пәні бойынша ағылшын тілі оқытылады. Жұмыс оқу жоспарының вариативтік компоненті бойынша "Жаһандық құзыреттілік" курсына 10-11 сыныптарда 1 сағаттан бөлінген. **"Жаһандық құзыреттілік"** курсының оқытылу мақсаты білім

алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

"Эссе жазуға машықтандыру" Оқушы эссе жазу арқылы тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға сауаттылық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, таза жазуға, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Білім алушының өміріне қажетті, білім, білік дағды қалыптастыру. Эссе жазу оқушыларға ойларын нақты және сауатты тұжырымдауға, өзінің қорытындысын жасауға мүмкіндік береді.

«Шешендік өнер» курсына оқушылардың ауыз екі сөйлеу қабілетін арттыру; сөздік қорын дамыту, ел тану қабілетін жетілдіре отырып, сол елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын терең меңгерту мақсатында шешендік өнерге баулудың маңызы зор. Қазақ халқы шешендік өнерді аса құрметпен бағалағандықтан, оқушыларды ата-баба ізімен шебер сөйлеу, тілдерін дамыта түсу, олардың үлгі-өнегесін бойларына дарыту басты мақсат. Ұлттық шешендік өнердің табиғатын, ұлттық әдеби, мәдениет, фольклор тарихындағы, шешен билер мұрасындағы шешендік өнерге қатысты ой-пікірлерді, шешен, би деген ұғымды, шешеннің болмысын, шешен сөйлеудің құрылысын, тақырыбын түрлерін, стильдік табиғатын, біртұтас өнер екендігінен мәлімет беру. Шешендік сөйлеудің түрлерін игеру. **«Тарихи деректер мен фактілер»** курсына 10-11 сыныптарда 1 сағаттан бөлінген. Курстан оқушылар тарихи сандар мен деректер бойынша қазақ жеріндегі әр даму дәуірге алып қойған өзіндік мақсат мүддесін көтерген басты проблемасы мен археологиялық зерттеуден қолданған амал-тәсілдерді таныту. Тарих бойынша қолданылатын тарихи деректер мен мезгілдер археологиялық зерттеулер ретінде табылған ертедегі тұрақтар мен заттар кәзірге қазақ тарихының басты тақырыптары болып келеді. Оқушылардың тарихи білімдерін өздігінен шығармашылық ізденуі арқылы тереңдетеді. Тарихи мағлұматтарды іздеу және жүйелеу қабілеттері дамиды. Ғылыми көзқарас қалыптасады. Қазақ халқы және оның тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерімен танысады. Қазақ халқының қалыптасуын тарихи деректер арқылы түсінеді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда №348 бұйрығының 4-қосымшасымен бекітілген "Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты" 4-тарауы "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" 50 тармақшасында **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады делінген. Оқу бағдарламасы негізінде **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** курсын оқыту: 10-11 сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу

курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен; Оқу жылының ұзақтығы 10-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы 2025 жылғы 23 мамыр. Оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі оқытудың жоғары сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес, 28.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 131-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыт бойынша

Оқытудың жоғары сатысы жұмыс оқу жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 132-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

2024-2025 оқу жылында жалпы орта білім беру сатысында жаратылыстану-математика бағыт бойынша 2 сынып бар. Жұмыс оқу жоспарының вариативтік компоненті бойынша **"Жаһандық құзыреттілік"** курсына 10-11 сыныптарға 2 сағат бөлінген. **«Елтану»** Оқушылардың дүниежүзі елдерінің халқы, табиғаты, тұрмыс тіршілігі, шаруашылығы туралы білімдерін қалыптастыратын, дамытатын пән ретінде маңызы зор. Қазіргі уақытта мектеп оқушылары өз елінің тұрмыс-тіршілігін біліп қана қоймай, басқа да елдер туралы білулері өте қажет. Басқа елдер туралы толық мағлұмат алады. Тұрмыс тіршіліктерімен және түрлі қызықты мәліметтермен танысады.

«Әлем флорасы мен фаунасы» курсына флорасы мен фаунасының таралу ерекшеліктерін біледі. Өткізілетін теориялық және практикалық сабақтар барысында флора мен фауна жөнінде жалпы түсініктер, ареалдардың типтері, ареалдардың тұрақтылығы және ареалдардың түзілуі қарастырылады. Оларға тән жануарлар мен өсімдіктер негізгі эндемикалық түрлері жөнінде біледі. Құрылықтың негізгі фаунистикалық, флоралық аймақтарының жануарлар және өсімдіктер әлемін біледі. **«Тұрмыстағы химия»** Оқушылардың тұрмыстағы қолданылатын химиялық заттар туралы білімдерін дамытады. Химиялық заттардың табиғатқа әсеріне негізделе отырып табиғатты корғауға деген көзқарастарын қалыптастырады. Оқушылардың химиялық білімдерін дамытады,

химиялық реакцияларды жасай білуге үйретеді. Химияға деген қызығушылығын арттырып дамытуға мүмкіндік береді. Химиядан алған білімдерін айқындауға және кейінгі уақытта жоғары деңгейлі бағдарламаны меңгеруге мүмкіндік береді. Тұрмыстағы химиялық заттарды дұрыс қолдану ережесін үйретеді.

«Физика есептерін шығарудың тәсілдері» курсы физикалық есептер жалпы берілу тәсілдеріне қарай негізгі төрт түрге бөлінеді. Олар: мәтіндік есептер, эксперименттік есептер, графиктік және сурет бойынша берілген есептер. Бұл курстың негізгі мақсаты оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, іскерлікке дағдыландыру, өзін-өзі бақылауға және бағалауға мүмкіндік беру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, оқушыларды физикалық құбылыстармен заңдылықтардың практикалық маңызына және өмірмен байланыстылығына мән беру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда №348 бұйрығының 4-қосымшасымен бекітілген "Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 4-тарауы "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" 50-тармақшасында **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады делінген.

Оқу бағдарламасы негізінде **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері"** курсын оқыту: 10-11 сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен;

Оқу жылының ұзақтығы 10-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2 қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы 2025 жылғы 23 мамыр.

Оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі оқытудың жоғары сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес, 28.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

**Бастауыш, негізгі орта және жалпы мемлекеттік білім
алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын
критерийлер:білім
алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне
сәйкестігі және сақталуы.**

Оқыту процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақ кестесімен регламенттеледі. Жұмыс бағдарламаларының мазмұны мен оқу жоспарлары сәйкес әзірленіп, іске асырылды. Күнтізбелік- тақырыптық жоспарлаудың мазмұны, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі білім берудің оқу жоспарларына және білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Базистік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша жұмыс оқу жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуді мектеп дербес жүзеге асырады. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім

санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім

беру органдарының білім беру саласындағы үлгілік оқу жоспарлары мен ұсынымдарының негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады және мектеп басшысы бекітеді. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістермен және толықтырулармен); мектепке дейінгі, бастауыш білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 (2022 жылғы 06 маусымға өзгерістер мен толықтырулармен) бұйрығына сәйкес әзірленді

9-11 сынып түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмысқа орналастыру нәтижелері бойынша кестеде көрсетілген.

Жылдар	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы (болжау)
Жалпы бітірушілер 9-11 сыныптар	21	28	26
10 сыныпқа көшкендер	8	15	15
Колледж	3 оқушы 9 сыныптан , 10 оқушы 11 сыныптан	4 оқушы -9 сыныптан , 8 оқушы 11 сыныптан	3 оқушы - 9 сыныптан , 8 оқушы 11 сыныптан
Университет	10	8	8
Жұмыспен қамтылғандар	0	0	0
Қазақстаннан тыс жерге	0	0	0

Талдау нәтижелері: осылайша негізгі, орта мектеп түлектерінің болашақ қызметінің негізгі бағытын таңдауына қатысты өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жағдай жасалғаны анықталды.

Қорыта келгенде, жалпы білім беретін мектептегі бейіндік пәндердің тиімділігі түлектерді таңдаған мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарына қабылдаумен расталады.

«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсына іске асыру;

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсына оқу тіршілік әрекетінің 2024-2025 оқу жылдар аралығында орта білім беру МЖМБС (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) сәйкес Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» курсына міндетті зерделеу қамтамасыз етіледі, бұл ретте төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі және т.б.) кезінде білім алушылардың практикалық

дағдыларын дамытуға ерекше назар аударылады. 1-4 сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерімен «Әлем танымы» оқу курсы аясында жүзеге асырылады.

5-9 сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын дене шынықтыру мұғалімдері «Дене шынықтыру» оқу курсы шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан жүзеге асырады. 10-сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар» оқу курсының мазмұны «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы шеңберінде, жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, Бастапқы әскери және технологиялық даярлықты ұйымдастырушы оқытушылармен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

11-сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы шеңберінде іске асырылады, жылдық оқу жүктемесі 16 сағат, алғашқы әскери және технологиялық дайындықты ұйымдастырушы оқытушылар. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Мектептің қауіпсіздігі педагогикалық ұжым қызметінде басым болып табылады. Сондықтан мектептің жұмыс істеуінің Қауіпсіз режимін қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін жүргізу, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жыл сайын оқу-жаттығу сабақтары (жылына 2 рет – қыркүйек, наурыз), ТЖ қызметкерлерін тарта отырып әңгімелесулер өтеді.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру;

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулық - әдістемелік хат негізінде іске асырылады, оған сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – сынып жетекшілері әр сыныпта 6 сағаттан сыныптық сағаттар есебінен және сабақтан тыс уақытта жылдық жоспарда тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырады сынып жетекшісінің жұмысы. 5-8 сыныптарда әр сыныпта сынып сағаттары есебінен

және сабақтан тыс уақытта 10 сағаттан сабақ тақырыбы мен күнделік жеке парақшасына толтырылады. Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу жөніндегі қызметті жандандыру мақсатында мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыс жүргізіледі. ДТТ профилактикасы бойынша жұмыс бекітілген бағдарлама бойынша 1-8 сыныптарда жүргізіледі, жетекші мақсат-жолда және көшелерде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын тәрбиелеу, ДДТ профилактикасы, балалар мен ата-аналардың жол-көлік мәдениетін арттыру. Жыл сайын, жылына екі рет ЖҚЕ бойынша онкүндіктер өткізіледі, оның шеңберінде сынып жетекшілері «Жол қозғалысы Ережелері» сынып сағаттарын, «Жолда жарқын бол» оқыту сабақтарын, «ЖҚЕ» викториналарын, «Ақылды жаяу жүргінші» конкурстарын, «Жол қозғалысы мектебі» ойындарын, «Жаяу жүргінші» ойындарын және техниканы сақтау бойынша жолдардағы қауіпсіздік нұсқаулықтарын өткізеді. Бұл жағдайда бастауыш сынып оқушыларына ерекше назар аударылады.

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

2023-2024 оқу жылының кәсіби бағдар беру: 2023-2024 оқу жылына жоспар құрылып, кесте бойынша 5-11 сынып аралығында кәсіби бағдар бойынша жеке, топтық жұмыстар жүргізілуде. **Оның міндеттері:** мектеп оқушыларының еңбекке деген саналы көзқарасын дамыту, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу; өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес қызмет саласын таңдауға, еңбек нарығының талаптарын есепке ала отырып, мамандықты дұрыс таңдауға көмектесу.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы сынып жетекшісінің, оқушылармен және олардың ата-аналарымен тұрақты қарым-қатынасына негізделген. Сондықтан жыл бойы тек оқушылармен ғана емес, сонымен қатар ата-аналармен де жеке кездесулер мен жиналыстар өткізілді. Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы 2 кезеңнен тұрады. Бұл 5-8 сынып аралығында және 9-11 сынып кәсіби бағдар беру жұмыстары. 5-8 сыныптарда көбінесе ойын, мамандыққа саяхат, бейнежазбалар көрсету арқылы жүзеге асты. Бұл жұмыс түрлері оқушылардың жас ерекшелігіне сай берілді, сонымен қатар оқушылар мамандықтар әлемін толығырақ танып біліп, өзін осы әлемдегі елестетуге мүмкіндік береді.

Мектеп бітіретін 9, 11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді. Сондықтан жыл бойы жоғары сынып оқушылармен тек топтық жұмыстары ғана емес, жеке жұмыстарда жиі өткізіліп отырды. Нәтижесінде 9,11 сынып

оқушылары қайда түсетінін, қайда білім алатынын, болашақта қандай маман болатынын нақты біліп отырды. Биыл 9-сыныпты 18 оқушы аяқтады, соның ішінде 4 оқушы колледжде оқуды жалғастыратын шешті, қалған оқушылар өз болашақ мамандыққа байланысты бағыттарды таңдап, оқуды мектепте жалғастырады.

Мектепте кәсіби бағдарға арналған стенд орналыстырылған, онда мамандықтардың алуан түрлі атаулары көрсетілген. Сонымен қатар Қостанай облысында жұмыс жасап жатқан колледждер туралы толық ақпарат берілген. Оқу жылының II жартыжылдықта жеті түрлі колледждер мен екі ЖОО өкілдері келіп, кәсіби бағдар жүргізіп, оқу орны туралы толық ақпараттар беріп отырды. Ата-аналардың қатысуымен ЖОО онлайн кездесулер ұйымдастырып, ақпараттар берді.

ш(бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі).

Оқу мерзіміне арналған критерийлер:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылы білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 Бұйрығы (2-қосымшаның 46-т., 3-қосымшаның 62-Т., 4-қосымшаның 56-т.) мектепте мынадай оқыту кезеңдері мен мерзімдері айқындалған:

- ✓ бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – төрт жыл.
- ✓ негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – бес жыл.
- ✓ жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

Талдау нәтижелері: талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Амангелді ауданы білім бөлімінің Жасбуын жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 1-4, 5-9 және 10-11 сыныптардың оқу сатылары анықталғанын көрсетті. Осылайша, білім беру ұйымы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтайтыны анықталды бастауыш білім - 4 жыл, негізгі орта білім – бес жыл, жалпы орта білім-2 жылды құрайды.

Қорыта келгенде, білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Республиканың Білім Министрінің бұйрығы Қазақстан 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 (2-қосымшаның 46-т., 3-



қосымшаның 62-Т., 4-қосымшаның 56-т.) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақталады.

Әдістемелік ұсынымдарға 13-1 қосымша
Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру
және қосымша білім беру Жасбуын жалпы білім беретін мектебі
2023-2024 оқу жылына үйірме секциялары туралы мәлімет

Оқу-тәрбие жұмысы

Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру нормативтік құқықтыққұжаттар мен тәрбиенің 8 бағытын негізге ала жүргізіледі. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысы мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылды.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ» МАҚСАТЫ: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін



жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Тәрбие жұмысының бірден-бір ұйытқысы—педагогикалық ұжым, оқушылар және ата-аналар. Осы үштіктің жұмысын өзара үйлестіру арқылы күтілетін нәтижеге жетуге болады. Білім беру ұйымындағы тәрбие жұмысы да осы мақсатта жүйелене отырылып жүргізу үшін кездесетін қиындық-кедергілерді болжау үшін және нәтижеге жету үшін SWOT талдау жасалынды:

Күшті жақтары: 1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асады: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте 2. Тоқсан бойынша сынып сағаттарының жүйелі болуы 3. Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктірілуі 4. Апта дәйек сөздерінің іске асырылуы 5. Жобалар жұмысы	Әлсіз жақтары: 1. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы 2. Әкелердің тәрбие жұмысына тартылмауы
--	---



6. «Медиа» жобалар жұмысы 7. Құзырлы мемлекеттік орындармен бірлескен жоспар 8. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жұмысы 9. «Дос болайық» жобасы	
Мүмкіндіктер: 1. Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы 2. Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы 3. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі таныту, дамыту үшін қолайлы жағдай 4. Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы	Қауіпті: 1. Ғаламтор желісінен келетін қауіптер 2. Көпшілік оқушылардың смартфонға тәуелдігі

2024-2025 оқу жылының басты ерекшелігі апта дәйексөздері сынып жетекшілердің басты назарында болуы үшін жаңа оқу жылы басында оқушылардың жас ерекшелік физиологиясы мен сынып жетекшілердің тәжірибесін ескеріп, сынып жетекшілер тағайындалды.

Сынып жетекшілері бірлестігі «Білім беру мен тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды ұштастыру арқылы сынып жетекші құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша жұмыс істеді.

Мақсаты: заман талабына сай сынып жетекшілердің ізденімпаздық қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

-Педагогикалық іс-тәжірибесі озық сынып жетекшілердің жұмысын жалпылау, қолдану;

-Тәрбие жұмыстарына сараптама жасау;

-Сынып жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету.

Жыл бойына бес отырыс жоспарланды. Барлық жұмыстар жоспарлы түрде



жүзеге асырылды.

Сынып жетекшілер бірлестігінде қарастырылған мәселелер

Оқу жылы	Тақырыптары:
2022-2023	Тәрбие жұмысын жоспарлау талаптары Ұлттық тәрбиенің ерекшеліктері Аутодеструктивті мінез-құлық туралы түсінік беру Ел рәміздеріне құрмет Отбасы құндылықтарын оқушы бойына дарыту жолдары Тәрбиежұмысыныңталдауы,келероқужылынаарналған мақсаттар мен міндеттер. «ЖАЗ-2022»оқушылардыжазғыдемалыс кезіндегіұйымдастыру шаралары
2023-2024	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жұмыстарды жүйелеу «Буллингке жол жоқ!» жұмысы Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы сынып жетекшінің рөлі Даналық мектебі Сынып жетекшілердің ата-анамен жүргізген жұмыстарының есебі. Үздік педагогикалық тәжірибені жинақтау, жүйелеу және тарату
2024-2025	«Біртұтас тәрбие» кешенді бағдарламасын жүзеге асыру «Апта дәйексөздері» қалай ұтымды ұйымдастыруға болады? Тәрбие бағыттарын жүзеге асырудағы сынып жетекшінің рөлі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жұмысы «Әкелер мектебінің» жұмысын жандандыру Сыныпта біртұтас тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы. (Жылдың қорытынды есебі)

Сынып жетекшінің сапалық құрамы бойынша көрсеткіші:

Оқу жылдары	Сынып жетекші саны	Білімі жоғары	Арнаулы орта
2022-2023	16	15	1
2023-2024	13	13	-



2024-2025	13	13	-
-----------	----	----	---

2024-2025 оқу жылында сынып жетекшілердің сандық, сапалық құрамы:

Еңбек өтілі:	1-4 ЖЫЛ	5-9 ЖЫЛ	10-14 ЖЫЛ	15-19 ЖЫЛ	20-30 ЖЫЛ	31-ден жоғары
Екінші санат						
Бірінші санат						
Жоғары санат						
Педагог-модератор		2			4	3
Педагог-сарапшы					2	3
Педагог-зерттеуші						1
Санатсыз		1				

Педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы, сынып жетекшілер бірлестігі, ата-аналар комитеті отырыстарында көптеген мектептегі тәрбие жұмыстары бойынша мәселелер көтеріліп, өз шешімдерін тауып отырды.

2022-2023 оқу жылында директор жанындағы Кеңесте қараша айында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша жүргізілетін жұмыстар (№4 хаттама), желтоқсан айында «Қыз балалар, ер балалар клубтарының жұмысының жүргізілуі» (№5 хаттама), наурыз айында «Тәрбиенің кешенді бағдарламасының» жүзеге асырылуы (өзін-өзі басқару ұйымы, көктемгі көркейту-көгалдандыру жұмысы) (№7 хаттама) қаралды.

2023-2024 оқу жылында директор жанындағы Кеңесте «Бітіруші 9- сынып оқушыларының жұмысқа орналасуы, қорытынды есебі. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігінің жағдайы» (№1 хаттама Мырзахметов К.К.), «1 - желтоқсан Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне» байланысты өткізілген іс-шаралардың байқаулар қорытындысы. Облыстық, республикалық байқауларға қатысу (№4 хаттама)

2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңесінде тәрбие жұмысы артоқсанға текті күн тәртібінен түскен жоқ. «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы» қаралды (№5 хаттама)

2024-2025 оқу жылының педагогикалық Кеңесінде «Мектеп және ата-ана-ынтымақтастық пен ашықтықтың басты тірегі» (№3 хаттама),



«Сыныптан тыс білім оқушы үшін шығармашылықтың биік тұғыры, мектептегі ақылы үйірмелердің жұмыс көрсеткіштері» (№4 хаттама)

Әдістемелік Кеңес отырыстарында «Шығармашылық ізденіс жолы шыңдалу жолы» Шығармашылық топ жұмысы, іс – тәжірибелері» (22.12.2022 №2 хаттама Қ.Қ.Мырзахметов, Б.Е Смагулова, Ә. Дауытбаева)

Тәрбие саласына қатысты тұлғалардың курстан өту мәліметі

Соңғы үш жылда тәрбие саласына қатысты лауазымды тұлғалар түрлі курстардан өтті. Сынып жетекшінің құзыреттілігін арттыру, баламен жұмыс жасау жолдары, буллингке жол бермеу сияқты курстан өткен сынып жетекшілердің сандық-сапалық құрамы төмендегідей:

р \\ с	Педагог аты, жөні:	Курс тақырыбы	Курс уақыты	Сағат саны	Қайдан өтті
1	Әбдурахит Ә.Ә.	Орта білім беру ұйымдарында	24.10.2024	36	«Өркен» АҚҚ
2	Мырзахметов К.К	«Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету»	01.07.2023	40	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»коммерциялық емес акционерлік қоғамы
3	Усенова А.К	«Білім берудегі менеджмент»	16.08.2024	80	«Өрлеу» педагогикалық шеберлік орталығы

Телеарна, басылымдарға жариялымдар

р \\ с	Педагог аты,жөні	Басылым, сайт №, жылы	Жұмыс атауы
1	Мырзахметов К.К.	https://qazaqstan.tv/news/185922/	Қостанай облысында зергер - ұста Мырзахмет



		«QOSTANAI» облыстық телеарнасы 07.12.2023	Елікбайұлы атындағы кабинет ашылды
2	Абсалыкова Г.Г.	Аудандық «Амангелді арайы» газеті №8 20.02. 2025жыл	Математика әлемінде
3	Мырзахметов К.К.	https://youtu.be/oM3oQUtBZpo?s=P6RfIHxvub4RMo0v Республикалық «АВАІ TV» телеарнасы 2022жыл	«Ұстаз» бағдарламасы
4	Мырзахметова З.К.	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Қазақстан ұстазы» №01 (144), қаңтар 2025 жыл	Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында 9-11 сыныптарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын әдіс-тәсілдер
5	Мырзахметова З.К	«Білім әлемі» баспасы 2025 жыл №728	«Ұлттық құндылықтар—тәрбие көзі»
6	Мырзахметова Г.К.	Аудандық «Амангелді арайы» газеті №11 13.03.2025 ж	«Сәт театрының өнер әлеміне қадамы»

Мектептің тәрбие саласы бойынша жетістіктері

р/с	Жүлдегер	Сайыс, байқау атауы	Республикалық, облыстық, аудандық деңгейі	Уақыты
1	Жасбуын оқушылары Жетекшісі: Әбдурахит Ә	«Green school» әлеуметтік жобасы	I орын облыстық	2024
2	Қалмұхан О, СейілханА жетекшісі: Канапина З	Қазақ ертегілеріне саяхат	I орын облыстық	2023
3	Елікбаева Г	Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала	III орын аудандық	2025
4	Әбдіғалым А	«Қазақстан балалары шексіз әлемде	I орын облыстық	2024
5	Мырзахметова Г.К.	«Армандастар» фестивалі театр	I орын аудандық	2025



		бойынша		
6	«Кербез» би ұжымы	«Армандастар» фестивалі би өнері бойынша	III орын аудандық	2025
7	Ділмарлар алаңы Жетекшісі: Магомедова А.М.	«Ұшқыр ой алаңы»дебат	II орын аудандық	2025

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Әр оқу жылы 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиын және бірыңғай ашық сынып сағаттары: білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық, сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруға, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашу мақсатында өткізіліп келеді. 2024-2025 оқу жылының білім күнінің салтанатты жиыны, бірыңғай ашық сынып сағаты «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C_Xk6OfIBLD/?igsh=MTdiZThla2gyOWF3bQ==

Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары, ардагер ұстаздар Қаненов Мырзабек, Нұрғожина Үмітжан, Махатова Гүлсара сынды құрметті қонақтар шақырылды. Салтанатты жиын өткізуде мына міндеттер қамтылды:

- қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;
- өзара құрмет пен түсіністікке негізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру;
- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Менің саяхатым», «Болашақ менің қолымда» республикалық челленджі өткізіліп мектеп парақшаларына салынды. https://www.instagram.com/reel/C_aTupCo7Y-/?igsh=MWliNGg2dzNnaG0ybg==

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы негізінде «Отаным менің – Қазақстан!»



Республика күніне арналған іс-шаралар легі ұйымдастырылды: сынып сағаттары, көрме, сурет байқауы, құттықтау челленджі, **«Таза аула» жобасы** «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» экологиялық акциясын биология пәні мұғалімі Құрманғалиева Г.А. ата-аналармен бірігіп өткізді, «Жанашыр жүрек» мектеп парламенті ұйымдастыруымен өткен акция, іс-шаралар өте жақсы деңгейде орындалып, білім алушылар патриоттық, азаматтық қалыптасу дағдыларын, құндылықтарын көрсете алды.
https://www.instagram.com/p/C_zafMAIaef/?igsh=MnR2MWlrZzV0NjFm

Тәрбиенің ар-ұят құндылығы «Еңбегі адал жас өрен» бойынша 1994 жылы мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен бау-бақша егетін тәжірибе алаңы жасалды. Ауданы 360 кв/м. аумақты евро шарбақтармен қоршап, 110 кв/м тас төсеніш төседі және өздерінің туылған жылы ретінде “77” санына ұқсатып кіре беріс аркасын жасады. Бұл құрылыс жұмыстарына мектебіміздің ата-аналары, ұстаздар, оқушылар және ауыл кәсіпкерлері жұмылдырылып, игі істің нәтижесі ретінде мектебімізде ашылу салтанаты өтті. Тәжірибе алаңының ашылу лентасын ата-ана Ғабидолла Бекмағанбетұлы және алаңға демеушілік жасаған жылғылардың бірі Бекзат Сейтжанұлы кесіп, пайдалануға берді. Мектеп оқушылары жомарт күздің жемістерін келген қонақтарға тарту етті. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Гүлзада Тұрлығұлқызы қияр мен қызанақ тұздау тәсілін оқушыларға тәжірибе ретінде көрсетіп үйретті. Қарқынды құрылыспен бірге алаңға бау-бақша дақылдары егілген болатын. “Жас эколог” үйірмесінің жетекшісі Гүлнар Асанқызы жазғы демалыс кезінде үйірме мүшелерімен бірге бақшаны күтіп-баптап, әр өсімдіктің егілген уақыты мен жеміс берген уақытын тәжірибе ретінде оқушылар күнделігіне тіркеп отырды. Үйірме жетекшісі алдағы жоспар бойынша тұрмыста пайдаланатын сыпырғыш сұрпының түрлерін егіп, көркем еңбек сабағында шикізатты дайын өнімге айналдыру тәсілін іске асыруды жыл бойы жүргізді.

https://www.instagram.com/reel/C_10y3ko0Iy/?igsh=cnc1aXVmYjJoN3Nq

Жоспарға текті күнделікті іс-шаралар: **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б. мектепте іске асырылды.

https://www.instagram.com/p/DA_GFEeIn8p/?igsh=MWcwc3c0dXhiNWY5eA==

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DD6jsEqIokI/?igsh=NmZ5ZjJkaDhqcDkw>

«Үнемді тұтыну» тақырыбында суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында жадынамалар, нұсқаулықтар және бейнероликтер таратылды.



<https://www.instagram.com/reel/DILA51aIx1Z/?igsh=aDV0cjB2ZzM1NzRm>

«Күй күмбірі» –күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қаңырауларда күй қосып қою мектепте дәстүрге айналған. Оқушылар, ата-аналар, педагогтерден сауалнама, яғни триангуляция әдісі бойынша анықталғандай, әр үзілісте күй атасы Құрманғазының «Адай» күйі арқылы қоңырау соғылады.

15 қараша"Теңге күніне" орай «Қастерлі Тәуелсіздігіміздің символы – Ұлттық валюта күні» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға 7-сыныптар қатысты. Іс-шарада тақырыпқа сай тәлімгер оқушыларға сұрақтар қойып, әр жауапқа теңге ұсынды. Білім алушыларға теңге күні түсіндіріліп, ұлттық мүдде құндылығы дәріптелді, қаржылық сауаттылық білімдерін жетілдірді.

<https://www.instagram.com/p/DCUjQ5ilqPB/?igsh=MWM3OThrYjNpNGJ4aA==>

Қараша айында «Жеткіншектің жеті жарғысы» және «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру» жобалары аясында «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы ұйымдастырылды. Құқық айлығы мен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында арнайы 16 күнге жоспар құрылып, іс-шаралары атқарылды. Атқарылған іс-шаралар мектеп парақшаларына жарияланған.

<https://www.instagram.com/p/DCOrEzvo5Yv/?igsh=dmh2ODRvc2Fyeml3>

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысы Қ.Е.Даутбаева «Демалыста кітап оқимыз» тақырыбында оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында шара ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/reel/DBwW6B2IunR/?igsh=MTRjZGZsOXQ0ejd5bQ=>

Жалпы айына 2 рет кітапқұмар оқушылармен қатар ата-аналармен де түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының сыни ойлау қабілетін дамыту, өз көзқарасын нақты әрі дәлелді түрде білдіру, мәдениетті пікірталас жүргізу – басты мақсаттардың бірі. Осы мақсаттарға жетудің ең тиімді жолдарының бірі – «Дебат» жобасы.

Дебат клубының жетекшісі А.М.Магомедов «Ұлы Тұлғалар» шеберлік сағаты өткізіп, дебатшылармен өткізілген шеберлік сағатында оқушыларымыз үш топқа бөлініп, қазақтың ұлы тұлғалары туралы кластерлер жасап, маңызды мәліметтермен бөлісті. Әр топ өздерінің зерттеген тұлғаларын терең талдап, олар туралы қызықты және құнды ақпараттарды ортаға салды.

Бұл іс-шара дебатшыларымыздың ойлау қабілетін дамытып, тарихи тұлғаларға деген қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, пікірталас жүргізу және өз ойларын сенімді түрде жеткізу дағдыларына да ерекше назар



аударылды.

<https://www.instagram.com/p/DCygGUrIvRD/?igsh=MWxrdWk4Zmo2YmNtbA=>
=

Сондай-ақ дебат үйірмесінің оқушылары өздерінің шешендік дағдыларын дамыту үшін студент кезінде дебат сайыстарының жүлдегері атанған Дамира Маратқызымен кездесті. Кездесу барысында Дамира Маратқызы өз тәжірибесімен бөлісіп, шешендік өнердің маңыздылығы, дикцияны дамыту, сөздік қорды кеңейту және сенімді сөйлеу туралы құнды кеңестер берді.

Оқушыларға Дейл Карнегидің «Шешендік өнер» кітабын оқуды ұсынып, оның ішінде шешендікті дамытудың тиімді әдістері бар екенін атап өтті. Алдағы уақытта үйірме мүшелері осы кітаппен жұмыс жасап, өз дағдыларын одан әрі шындайтын болады.

Осындай пайдалы кездесулер оқушыларымыздың дебаттағы шеберлігін арттыруға үлкен әсер етеді, тәжірибелік шаралар жастардың аналитикалық және коммуникативтік дағдыларын арттырып, дебатқа деген қызығушылықтарын нығайтуда маңызды рөл атқарады.

https://www.instagram.com/p/DGdGaE3I39C/?img_index=1&igsh=MmZjOXkwc m5pbzl3

"Тәуелсіздік туын тіккен күн" тақырыбында сынып сағаттары «өте жақсы» деңгейде өткізілді. Ел Тәуелсіздігінің 33 жылдық мерей тойына арналған "Тәуелсіз елдің қырандары" атты 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған Біріңғай "Жас ұлан" және "Жас қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау өтті.

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. "Жас қыран" ұйымына 12 оқушы өтіп, ант қабылдады.

https://www.instagram.com/p/DDlTrjaI7_F/?igsh=OHJsOWs4ejQ0Ymww

Сыбайлас жемқорлық

1- тоқсан қорытындысының есебін беруде өткізілген "Баланың бас ұстазы ата-ана" жалпы ата-аналар жиналысында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие: түсінігі, көзқарасы, сенімі" тақырыбында заңсыз ақша жинаудың алдын алу туралы айтылды. Аталған мәселелер бойынша ақпарат беріліп, түсінік жұмыстары жүргізілді. Қараша айында **қамқоршылық кеңестің** кезекті отырысы өтті. Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және «Мектепке жол» акциясының жүргізілуі мен мемлекет тарапынан берілетін қаржылай көмектің №64 қаулыға сәйкесті ұйымдастырылуы туралы ақпарат есебі таныстырылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналардың жалпы жиналысында іріктеуден өтіп, аудандық білім беру бөлімінде арнайы құрылған комиссия



шешімімен сайланды.

«Парасаттылық сағаты» кезекті акциясы өткізілді. WhatsApp мессенджерінде, сынып сағаттарында талқылаумен және педагогикалық ұжым арасында акция туралы ақпарат берілді. Акция барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметі туралы қысқаша бейнеролик көрсетілді.

<https://www.instagram.com/p/DEz236uBBfC/?igsh=MTJkMG9tdXhjNGViMQ>

==

«Ұшқыр ой алаңы» республикалық дебат қозғалысы жобасын іске асыру шеңберінде және **«Адал ұрпақ» ерікті клубы** ұйымдастыруымен «Ділмарлар» дебат клубының турнирі өтті. «Ділмарлар» дебат үйірмесінің жетекшісі А.М.Магомедов «Сыбайлас жемқорлықты түпкілікті жою мүмкін деп есептейді» тақырыбында бірге жұмыс жасады. Турнир қызықты, өте жоғары дәрежеде өтті. Дебатерлар мен білім алушылар дебаттың құрылымын дұрыс пайдаланып, 5 турнир қызықты өтті. Әр топ аргументті, философияны, кейсті нақты құра білді. Нәтижесі:Үкімет тобы жеңіске жетті.

Барлық сыныпта «Сыбайластық жеқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында жас ерекшеліктеріне сай сынып сағаттары өтті.Сынып сағаттарында парасаттылық пен академиялық адалдық мәселелеріне арналған, достық, татулық, ел тарихына, саяси репрессия мен аштық құрбандарының есімдеріне құрмет таныту сынды ақпараттар айтылды.Сонымен қатар, дәстүр бойынша мұғалім білім алушыларға демалыс кезінде оқу үшін кітаптар, қарауға болатын фильмдер тізімін ұсынды.Сондай-ақ, жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру жолдары, қосымша білім беру ұйымдарына қатысудың тиімділігі туралы да айтылды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету, қастерлеу – әр адамның басты парызы. Осы мақсатта жыл сайын мемлекеттік рәміздерге байланысты арнайы жоспар құрылып, іс-шаралары өткізіліп отырады.

ҚР мемлекеттік рәміздері туралы білім алушылардан жыл сайын сауалнама алынады, нәтижесінде әнұран, елтаңба мен тудың авторларын шатастырады, әнұранның сөзін жазуда толық жаза алмайтын және айта алмайтын білім алушылар кездеседі.

Сұрақтары	2022-2023 Қатысқан оқушылар саны (154/ 154)	2022-2023 Қатысқан оқушылар саны (141 / 141)	2023-2024 Қатысқан оқушылар саны (132 / 132)
Егеменді Қазақстанның рәміздері ресми түрде қай жылы қабылданды?	82 %	91 %	95,6 %



(1992 жылы)			
Елтаңбаның авторы: (Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов)	83,7 %	92,1 %	93,5 %
Тудың авторы: (Шәкен Ниязбеков)	79,3 %	85,7 %	96,9 %
Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы: (1:2)	55 %	77,1 %	86,9 %
Әнұранның авторы: (әнін жазған Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев)	86 %	91,4 %	96,3 %
Еліміздің жаңа мемлекеттік әнұраны қай жылы бекітілді? (2006 жылы 6 қаңтарда)	83,6 %	93,6 %	96,1 %

Әнұранның сөзін жатқа жаздыру арқылы алынған сауалнамасының нәтижесі:

(Әнұранның толық, қатесіз жазылуы ғана есептелінді. 1, 2-сынып білім алушыларынан ауызша алынды).

Оқу жылдары	Қатысқан оқушылар саны	Пайыздық көрсеткіші %
2021-2022	154 / 154	79,2
2022-2023	141 / 141	84,5
2023-2024	132 / 132	91

<https://www.instagram.com/p/DBftn5ko2Il/?igsh=MTVicnRmcWRnNnc4OQ==>

Рухани-адамгершілік тәрбие

Білім алушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Осы орайда ар ұят, талап, ұлттық мүдде құндылықтарына негізделіп іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «Қарияға қол ұшын соз» акциясы шеңберінде Қарттар күніне арналған іс-шара өтті. Іс-шара барысында ұл балалар құрамы ауылдағы қариялардың үйлерінің маңайын жинап, қол көмектерін көрсетіп, қариялардан бата алып қайтты.

<https://www.instagram.com/p/DHN7SQUoroo/?igsh=ODZxanY0dmxqMTJ1>

Үйірме жетекшілері КРІ бағдарламасына сәйкес ата-аналармен бірге «Еңбегің біздер үшін, ерен аға!» тақырыбында еңбек ардагерлерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушылар, ел үшін тер төккен тұлғалармен таныстырды. Кездесуге келген қонақтар еңбек жолындағы қиындықтары мен қызықтарын әңгімелеп берді. Еңбек ардагерлерімен кездесу мақсаты: Еңбек ардагерлерін құрметтеу: Оқушылар мен жастарға еңбек ардагерлерінің



қоғамға қосқан үлесі мен маңызын түсіндіру, олардың еңбек жолы мен өмірлік тәжірибесінен үлгі алу. Ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту: Жастарға өткен буынның тарихи маңызын түсіндіріп, ардагерлердің атқарған қызметі мен еңбегін бағалауды үйрету. Еңбек мәдениетін насихаттау: Оқушыларға адал еңбек ету мен жұмысты сүю арқылы жетістікке жетудің маңызын түсіндіру, еңбекке деген құрмет пен жауапкершілікті арттыру. Ардагерлердің өмірі мен тәжірибесі туралы ақпарат беру: Еңбек ардагерлерінің жеке тарихы мен қиындықтарды жеңу жолындағы ерліктері туралы әңгімелесу арқылы жастардың бойында еңбекке деген сенімділік пен ынтаны ояту. Қоғамдық құндылықтарды арттыру: Жастардың еңбекке деген құрметін қалыптастыру, олардың еңбекке, қоғамға, елге деген жауапкершілігін арттыру. Ұлттық құндылықтарды сақтау: Еңбек ардагерлерінің тарихы мен ерен еңбегін насихаттау арқылы жастарға патриоттық тәрбие беру.

<https://www.instagram.com/p/DHGL8kroSvp/?igsh=MTNub25mb29vZW5xbg==>

Жоспарға сәйкес «Адамдарға қуаныш сыйла», «Қамқорлық жасауға асығайық!» атты акциясында қайырымдылық акциялары рухани ізгі өсиетті дарыту мақсатында ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/DGxlGjGJtu6/?igsh=MWsyCGJxYTJ6dzFwgc==>

Жыл сайын білім алушылардың асыға күтетін, жылдағы дәстүр бойынша Мұғалімдер күніне арналған білім алушылардың **өзін-өзі басқару «Дублёр күні»** өз ережесіне сай жоғары деңгейде өткізілді. Негізгі мақсат: балалар мен ересектердің бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп оқушыларының әлеуметтік-құзыретті тұлғасын дамыту үшін жағдайлар жасау. Ұстаздар "Дублёр" күні аталып өтті. Яғни, бұл іс-шарада оқушылар ұстаздармен алмасып, ұстаздардың бір күндік жұмысымен танысады. Мектеп оқушылары өздеріне берілген жүктемені мүлтіксіз орындап, Ұстаздар күні мұғалімдерге зор көңіл-күй сыйлады. Іс-шара барысында атқарылған жұмыстар [#педагогкешынджүректкен](#), [#сблагодарностьюпедагогу](#), [#ұстаздаркүні](#) хэштектері арқылы мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.

<https://www.instagram.com/reel/DAqH1Kco7S9/?igsh=NTN1czFzN25qYWg3>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп кітапханашысы Қанат Есенжолқызы тұрақты жоспар бойынша жұмыстар жүргізіп отырады. Оқушылардың кітап оқуына және білім алуына қызығушылықты қалыптастыру мақсатында "Балалар кітапханасы" жобасы аясында "Жүр досым кітапханаға" тақырыбында іс-шара өткізді. Іс-шара барысында оқушылар өздері оқыған кітаптары туралы бір-біріне мазмұнын айтып, сол кітапты оқуын ұсынды. Іс-шара қызықты ойындарымен жалғасты

<https://www.instagram.com/p/DDOcie6oOUS/?igsh=MWM4d3ZkZDhhemxtcA==>

Сонымен қатар оқушылардың қысқы демалыс жоспарына сәйкес "Қыста кітап



оқиық, жадымызға тоқиық" тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына "Мақта қыз" кітабын оқытып, мазмұны бойынша қойылым қойдырды.

Іс-шара мақсаты: Қысқы демалысты қызықты өткізу. Оқуға құштар жобасын іске асыру. Оқушылардың тілдерін дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/DEco-PnICP5/?igsh=MXhhdXF1a3dteWhvbw==>

Балалар кітапханасы жобасы аясында ұйымдастырылған "Өлкенің аңыз адамы" тақырыбында жергілікті композитор, мәдениет үйі қызметкері Айтбай Мұздаханұлымен кездесу өткізді. Кездесу барысында сазгер атамыз өзінің өмірбаяны жайлы сөз қозғады. Биыл 100 жасқа толып жатқан дәулескер домбырашы, КСРО халық әртісі Нұрғиса Тілендеевке жазылған" Нұр аға" күйінің шығу тарихын әңгімелеп берді.Кездесу соңында күйші атамыз мектеп кітапханасына өзінің қолтаңбасымен күй жинақ кітаптарын тарту етті.

<https://www.instagram.com/p/DHTKjw4lwUg/?igsh=b3draGhnbWVvdGt2>

Ұлттық тәрбие

Ұлттық тәрбиесі— ұлт болашағы. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Ұлттық өнерді насихаттау мақсатында білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында үлкен үзіліс кезінде ата-аналар мен оқушылар күй орындады.

<https://www.instagram.com/reel/DHaXWdEoHo6/?igsh=YXQ2enpzNXExN3Nm>

20-наурыз "Ұлттық спорт" күніне орай балалар арасында ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Дәстүрлі спорт түрлері өмір сүру салты ар-намыс, батылдық, ептілік, күш-қайрат және жылдамдық, ойлау қабілеті сияқты қасиеттерді бейнелейді.

<https://www.instagram.com/p/DHa78yBo6cX/?igsh=MW5qaGdjNHcweHR3Mg==>

Ұлыстың Ұлы күні—Наурыз тойлаудың жаңа форматына сәйкес «Наурызнама» онкүндігі аясында 21 наурыз- «Ынтымақ күні» болып жарияланды. Қазақ халқы ежелден береке-бірлігін бекемдеп, ынтымағы мен татулығын ту еткен дана халық. Сондықтан, бұл күн халқымыз үшін айрықша мәнге ие болмақ. Іс-шара барысында 1 сынып ата-аналары ұлттық дәстүріміз "Бесікке салар" дәстүрін оқушыларға танымдық сағат түрінде көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/DHc-6k2oL6y/?igsh=dHlwZng4ZW5hN2pz>

«Қош келдің, Өз наурыз» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. КРІ бағдарламасы аясында өткен іс-шараға ұстаздар мен ата-аналар да қатысты. Іс-шара барысында Ұлттық салт-дәстүрден және әзіл-оспақ театрлар қойылымынан үзінділер қойды. Іс-шара соңында Ұлттық ойын түрлерінен



сайыс өтті. Мерекеге жиналған қонақтар наурыз көжеден ауыз тиіп, Ұлыс күніне орай ақ баталарын берді.

<https://www.instagram.com/reel/DHd9hagoFDY/?igsh=MnU4cmQwa3p2MG16>

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы, «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық-мәдени-ағартушылық жобасының негізгі мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, құрметтеуді қалыптастыру, ұлттық ойындарды насихаттай отырып батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту. Осыорайда арнайы жоспары бекітіліп, іс-шаралары жүргізілді. Ұлттық ойынға білім алушылардың қызығушылығы өте жоғары болғандықтан әр іс-шарасына белсенділік танытты, жеңімпаздары марапатталды. Ұлттық ойындарды жаңғыртуда білім алушылар мен ата-аналардың белсенділігі жоғары деңгейде болғандықтан бұл іс-шараның құндылығы жыл сайын арта бермек. «Қош келдің, Өз наурыз» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. КРІ бағдарламасы аясында өткен іс-шараға ұстаздар мен ата-аналар да қатысты. Іс-шара барысында Ұлттық салт-дәстүрден және әзіл-оспақ театрлар қойылымынан үзінділер қойды. Іс-шара соңында Ұлттық ойын түрлерінен сайыс өтті. Мерекеге жиналған қонақтар наурыз көжеден ауыз тиіп, Ұлыс күніне орай ақ баталарын берді.

<https://www.instagram.com/reel/DHd9hagoFDY/?igsh=MnU4cmQwa3p2MG16>

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Бала тәрбиесінде үштік одақтың бірлескен жұмысыжақсынәтиже көрсететіні анық. Ата-ана, оқушы, мектеп болып бірлесе жұмыла жұмыс жасағанда ғана отбасылық тәрбие жүзеге асады. Осы мақсатқа жету үшін мына төмендегі жұмыстар жүргізіліп отыр:

Қамқоршылық кеңес;

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының ата-аналарға арналған сабақ;

«Даналық мектебі» клубы: ата өсиеті, әже даналығы, аға қамқорлығы, жеңгелер кеңесі;

Отбасы клубы:әке, ана;

Әр жыл сайын оқу жыл басында **«Отбасы күні»** мерекесіне орай апталығы арнайы жоспар бойынша өтіледі. Апталықта сынып сағаттары, қамқорлық акциясы, спорттық жарыстар, сурет, кітап оқу байқауы, көрме, отбасы құндылық челленджі, т.б. іс-шаралары ұйымдастырылады.

https://www.instagram.com/p/C_f0gQro8Ji/?igsh=MXBrcGVhemNzdGtyOA==

Мектепте қалыптасқан жыл сайынғы дәстүр бойынша тоқсан сайын бір



апталық

«Ашық есік күні» өткізілуде. Негізгі мақсаты: баласының мектептегі бір күндік өмірімен танысу, білім сапасының артуына жұмыс жасау. Баланың мектептегі бір күндік өмірін бақылауда сабақтарына, үйірмелеріне қатысып, асханадағы тамақ сапасын бақылады және мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдерімен жеке консультациялар, ашық-әңгіме кездесулеріне қатысты. Кері байланыс жасау мақсатында сынып жетекшілердің арнайы бастаған дәптерлеріне өз пікірлерін жазды. Мониторинг қорытындысы бойынша ата-аналардың сабақтарға, үйірмелерге қатысу көрсеткіші жыл сайын артуда.

Ата-аналардың ашық есік күніне қатысу мониторингі

Оқу жылы	Ата-аналардың сабаққа Қатысу саны	Пайыздық көрсеткіші %
2022-2023	81/38	46 %
2023-2024	74/42	56 %
2024-2025	69/48	69 %

Әкімшілік қабылдауда тәрбие ісінің орынбасары К.К.Мырзахметовтың ата-аналарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жұмысы жүргізілді. Қабылдауда ата-аналар балаларының шығармашылық қабілетін дамыту, шыңдау туралы ой-пікірлерімен бөлісті және маман тарапынан кеңестер берілді.

Жобаның маңыздылығы: ата-аналар мен мектеп ұжымы арасында туындап жатқан мәселелерге қатысты түрлі формада жұмыстар атқарып, кері байланыс алып, өзінің істеген іс-әрекеттеріне есеп беріп отыруы. Жалпы жыл сайын мектеппен ынтымақтастықта жұмыс жасаған ата-анаға алғыс білдіру үшін Алғыс хаты ғана табысталып келсе, 2024-2025 оқу жылында ата-аналардың қызметін көтермелеу мақсатында үлгілі ата-аналарға арнайы ескерткіш мүсінше, бағалы сыйлықтар тарту дәстүрге айналды.

2023-2024 оқу жылынан бастап ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. 27қыркүйек күні еліміздің барлық мектептерінде балалардың қауіпсіздігіне арналған "Бала қауіпсіздігі-біздің ортақ мүддеміз" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: ата-аналарды жасөспірімдер ортасындағы аутодеструктивті мінез-құлық, буллинг/кибербуллинг, құмар ойындар / лудомания және кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық мәселелермен таныстыру, ата-аналардың назарын балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне аудару, ата-аналарға профилактикалық көмек көрсету. Жиналыс барысында мектеп педагог-психологы Нұрғали Ж.И. ата-аналарға қауіп-қатерлерді дер кезінде қалай анықтау және оларды болдырмау үшін қандай



шаралар қолдану керек туралы қадамдық ұсынымдар берді. Ата-аналардан сауалнама алынып ,жадынамалар таратылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Мырзахметов Қ.Қ. ата-аналарға "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша апта сайын сынып сағаттары аясында "Қауіпсіздік сабақтары " өтілетіндігі,сабақ барысында интернеттегі тәуекелден қорғану,өзін-өзі сақтау дағдыларын дамыту және түрлі қауіп-қатерлер жағдайында дұрыс әрекет ету тақырыптары қамтылатынын атап өтті және ата-аналарды күнделікті үзіліс арасында "Өнегелі 15минут "- ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы жеке әңгімелесулеріне шақырды

<https://www.instagram.com/p/DAazA99ozd9/?igsh=ZTNyMXlxdXRoeGo5>

“Отбасы-бақыт бесігі. Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу” тақырыбында ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағы өткізілді. Сабақ барысында отбасылық өмірге арналған сауалнама, көңілді ойындар ойнатылды. Сабақтың мақсаты: өмірге өнегелі ұрпақ тәрбиелеу. Ынтымақты орта қалыптастыру. Ата-аналарды педагогикалық қолдау.

<https://www.instagram.com/p/DAIkvPIA62/?igsh=dWYzZXpxend4Y3pi>

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Гүлжаухар Боранбайқызы «Сүйіспеншілік-сыйластық кілті» тақырыбында ата-аналарға арналған педагогикалық сабақ өткізді. Сабақ барысында тақырып бойынша қоғам мен адам арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты жақсарту мақсатында ата-аналар мен оқушыларға постер қорғатты. Сабақ соңында бір-біріне жылы сөздер мен тілектер айтты.

<https://www.instagram.com/p/DHYWfEfoFLn/?igsh=amZlMzAwbmZ6ZTl6>

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Қайыржан Қалижанұлы «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?» тақырыбында Ата-аналарға арналған педагогикалық сабақ өткізді. Сабақ барысында жедел қоңыраулар, алғашқы көмек және психологиялық көмек беру қағидаларымен таныстырды.

Тарих пәнінің мұғалімі Жадыра болатқызы "Әр нәрсенің өлшемі бар..."

"Қажеттілік пен қалау" арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады? Тақырыбында 5-9 сынып ата-аналарына педагогикалық сабақ өткізді. Сабақ барысында ата-аналарға тұрмыс жағдайында үнемшілдік және ысырапшылдыққа жол бермеу қағидаларымен таныстырылды.

<https://www.instagram.com/p/DGQEkWzIBQq/?igsh=MTVnNnpt>



[MjdqNm5obw](#)==

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің төрағалығымен өткен кеңестің 4 қыркүйегіндегі 2023 жылғы №28 хаттама, «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасы, «2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілгендей мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, **ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарын** және **«Даналық мектебі» клубын** құру мақсатында мектепшілік бұйрық шығарылды.

Оқу жылы басында жасалынған SWOT талдау бойынша анықталған проблема әкелердің мектепшілік тәрбие жұмыстарынан тыс қалуы. Осы басымдықты негізге ала отырып, «Әкелер мектебі» жобасын қолға алдық. «Триангуляция» әдісі арқылы арнайы сауаланамалар алынып, зерделеніп, нәтижесі бойынша жоспар жасалынып, сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Әке мен бала арасындағы сыйластықты дамыту мақсатында "Әкенің ісі—ұлға өнеге" тақырыбында отбасылық іс-шара өтті. Іс-шара екі бөлімде өткізілді. Бірінші әке мен баланың ептілігін байқау үшін тренинг сайыстар өткізіліп мәреге бұрын жеткен әкеге "Қамқор әке" статуеткасы табыс етілді. Екінші бөлім "Өнегелі 15 минут" тақырыбында жалғасып, отбасылық жағдаяттар туралы сұрақтар қойылып, ойындар ойнатылды. жоғары ұпай жинаған әке мен бала мақтау қағазымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/DCmcBb6IPa3/?igsh=MXB1ajhlndJ5eHlraq>==

Мектеп оқушылары КРІ бағдарламасын іске асыру мақсатында мақсатында әкелермен бірге табиғат аясына балық аулауға барды. Іс-шара соңында әкелер мен балалар бағалы сыйлықтар және мақтау қағаздарымен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DEcHglWI9dr/?igsh=MWwwYWU1dWl4bmVuaw>==

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Әке – балаға бағыт беруші, жол көрсетуші жарық» атты мазмұнды Әкелер форумы өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасы тәрбиесіндегі әке рөлін айқындап, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Форумға жиналған қадірлі қонақтарды мектеп оқушылары ән-



жыр мен арнау өлеңдер арқылы ерекше ықыласпен қарсы алды. Бұл – жас ұрпақтың ата-анаға деген құрметі мен ыстық ықыласының белгісі.

Іс-шара барысында мектебіміздің белсенді әкелерінің бірі Сағадат Сайлаубекұлы «Әке – ұрпаққа ұлағат» тақырыбында мазмұнды баяндама оқып, қазіргі қоғамдағы әке рөлі мен тәрбиелік жауапкершілік жайлы тұшымды ойларымен бөлісті.

Қонақтар кейін «Сәт» оқушылар театрының қойылымын тамашалап, оқушылардың актерлік шеберлігі мен сахна мәдениетіне жоғары баға берді. Қойылым тәрбиелік мәні зор көріністерге толы болды. Одан кейінгі бөлімде қатысушылар «Ділмарлар алаңы» пікірсайыс алаңында бас қосып, жас пікірсайысшылармен бірге қоғамдағы өзекті мәселе – «Такси өкілдерінің халыққа жасаған қызметі жолақы бағасына сай келе ме?» деген сұрақ аясында пікір алмасып, ашық ойларын ортаға салды. Пікірсайыс үйірмесінің жетекшісі Ахмет Макашарипұлы дебат үйірмесіндегі оқушылардың жетістіктерін таныстырып өтті.

Бағдарлама барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қайыржан Қалижанұлы сөз сөйлеп, Біртұтас тәрбие бағдарламасының құрылымымен таныстырды, сондай-ақ әкелерді мектеп өміріне белсенді араласуға шақырды.

Іс-шара соңында мектеп директоры Әділхан Әбдіғалымұлы форумға белсене қатысқан әкелерге арнайы алғыс білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады.

<https://www.instagram.com/reel/DI1qoEEBs4Y/?igsh=MWZnMmQxemV6Mmw1bQ==>

Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыруда арнайы сабақтары өтілуде. Сабақтардың мазмұны Абайдың «Толық Адам» біртұтас тұлға тұжырымдамасына және олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес балалардың әл-ауқаты контекстіндегі ұлттық құндылықтарға негізделген. Ата-аналарға білім беру олардың таңдауына сәйкес:

- 6-7-ден 10-11 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған;
- 10-11-ден 14-15 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған;

14-15-тен 17-18 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына арналған білім беру бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Әр



бағдарламаның көлемі – 8 сағат. Осы бағдарламаның нұсқаулығына сәйкес мектепшілік жоспары құрылды.

Осы орталықтардың негізінде ата-аналар мамандардың кеңестерін алып, семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатыса алады, онда білім алушылардың тәрбие процесін ұйымдастыру, бос уақытын жұмыспен қамту мәселелері талқыланады. Жоспарға сәйкес әр айда үш сабақтан өтеді. (1-4, 5-9, 10-11 сыныптар). Позитивті ата-ана, отбасы құндылығы, көркем мінез, әр бала жарық жұлдыз, баланың дағдыларын дамыту жолдары, баланы қолдау, сенім арту, ақпараттан ақ-қараны ажыратуға үйрету, құмар ойындарға тәуелділіктен шығару тақырыптарында сабақтары өтілді. Сәуір айына дейін барлығы 18 сабақ өтіліп, әр сабаққа 50-55%-ы ата-ана қатысып отырды. Курстан қалмай, белсенді қатыстыру мақсатында ата-аналарға оқу жыл соңында сертификат беріледі.

Қамқоршылық кеңес.

Мектептегі Қамқоршылық кеңестің мақсаты: Мектептің оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті мәселелерін шешу.

Міндеттері:

1. Мектептің үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;
2. Білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу-материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;
3. Мектептің қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш-жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;
4. Білім үрдісіне қатысушылар құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Отырысты қамқоршылық кеңес төрағасы Дауғарин Сағдат Сайлаубекұлы жүргізіп отырды. Кеңеске 11 мүшесі мен білім беру ұйымының басшысы Ә.Ә.Әбдуахит, тәрбие ісінің орынбасары К.К.Мырзахметов, әлеуметтік педагог С.Б.Искаков шақырылды. Күн тәртібінде 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары, қыркүйек айында жүргізілген «Мектепке жол» қайырымдылық акция барысы қаралды. Кеңес мүшелері күн тәртібі бойынша ойларын ортаға салып, алдағы атқарылуға тиісті жұмыстарды белгіледі.

Қамқоршылық кеңес құрамында жыл басынан сайланған 11 адам жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі: білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің



құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады; білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеуге (қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен таныстырды) тікелей қатыса алады.

2024-2025 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- Білім алушылардың білімін толықтыру;
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

Ата-аналар үшін балаларға мамандық таңдауда дұрыс бағытты көрсету, еңбекке деген құрметке баулу өте маңызды. Мұғалімдер ата-аналармен баланың мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізуі керек.

<https://www.instagram.com/p/DBvJogpBwD/?igsh=eTB6eGJyZmZzMnpu>

Ата-аналардың, қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен **«Мектептегі бір күн»** жобасын іске асыру ата-аналардың қажеттіліктерін, сұраныстарын, отбасылық ерекшеліктері мен отбасылық тәрбиесі ескеріледі, ата-аналарды мектептің, сыныптың, өз баласының істеріне жұмылдыруға, білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдеседі.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанында өтілген іс шаралар мәліметі.

- 1) Республикалық ақпараттық акцияның басталуы,
- 2) мақсат-міндеттері мектебіміздің инстаграм және фейзбук әлеуметтік желілерілерінде жарияланды.

Жоғарғы сынып оқушыларына ауыл инспекторы Мәди Мақсұтұлы оқушылардың күзгі демалыс уақытында қауіпсіздіктің алдын алу яғни, құбылмалы ауа-райы кезінде ауылдан ұзап шықпау, жол ережелерін сақтау, көшеде



беймезгіл жүрмеу т. б өмірге қауіпті ережелермен таныстырып өтті.

<https://www.instagram.com/p/DBgepcwoXK4/?igsh=MWg3Y3lINTF3cWllbQ==>

9-тармақ. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу шеңберін де ҰЕҰ- мен өзара іс-қимыл. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының хабарлауымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің балалардың құқықтарын қорғау комитеті осы жылдың 8-20 қараша аралығында «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны бойынша балаларға қатыгездікпен немқұрайлық мәселесіне назар аудара отырып, зорлық-зомбылықтың кез-келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру мақсатында "Біртұтас тәрбие" жоспарына сәйкес Буллинг және кибербуллингінің алдын алу мақсатында "Буллингтен қорған" 8-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, сауалнама алынып, тренингтер өткізілді. Сабақтың мақсаты: " Буллинг, кибербуллинг сөзінің мағынасын ашу, түсіндіру. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақ ету, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Сыныпта ұжымды сыйластыққа, бір - біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/DCOrEzvo5Yv/?igsh=dmh2ODRvc2Fyeml>

3) 11-тармақ. Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселері. Әділдік және жауапкершілік айы бойынша орта буындағы оқушылармен "Құқығыңды білесің бе?" тақырыбында ауыл инспекторы Мәди Мақсатұлымен кездесу өтті. Мақсаты: Оқушы құқығын таныстыру арқылы әдептілік пен жауапкершілікке баулу. Құқық бұзушылықтың алдын алу

<https://www.instagram.com/p/DCW6n7YoC2O/?igsh=bzBhNGY1OWt2NGJ0>

Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Берік Есембекұлы Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ер балаларға арналған "Тәртіп—тәрбие бастауы" тақырыбында патриоттық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларды әділеттік пен жауапкершілікке баулитын баяндама оқыды. Мақсаты: Әр тұлғаны жауапкершілікке тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңіру



<https://www.instagram.com/p/DCZcfFMuTX1/?igsh=dXRuam01ZGRtMm9l>

"Құмарлыққа бой алдыру— тәуелділік құрдымы" тақырыбында ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағы өтілді. Сабақ барысында мектеп тәлімгері Гүлжауһар Боранбайқызы құмар ойындардан сақтану жайлы баяндама оқыды және тренинг ойындар ойнатылды. Тәрбие орынбасары Қайыржан Қалижанұлы құмар ойындардың алғашқы қадамдары жайлы түсінік беріп, алдын алу жұмыстарын ұсынды. Мақсаты: Ата-аналардың өз баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін қалыптастыру, тәуелділік мінез- құлық қауіпінің алдын алу жолдарын дамыту.

<https://www.instagram.com/p/DDt-SzXoBXL/?igsh=MWZlcHQ3aTRydnp5Nw==>

"Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек" тақырыбында 8-сынып оқушыларымен мектеп психологі Нұрғали Жұлдызай тренинг өткізді. Мақсаты: оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Тренинг барысында: "Жан жылуы," "Таңдап ал", "Кім жылдам " жаттығулары жүргізілді. Оқушылар белсене қатысып, қызығушылықтарын көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/DD6kQeaIGRZ/?igsh=Yjk4b3hzeTJrZzdk>

психолог маманы Жұлдызай Ихсанқызы "Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады" тақырыбында 1—4 сынып ата-аналарына педагогикалық қолдау сабағын өткізді. Сабақ барысында ата-аналар топтық жұмыс арқылы логикалық сұрақтарға жауап беріп, баланың тез ойлау, ойын толық жеткізу сияқты тренинг—жаттығулар үйренді.

<https://www.instagram.com/p/DD-FTEDIrYJ/?igsh=eG45M211cGRldHFp>

Мектебіміз бойынша педагог – психолог жұмысының мақсаты: білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтап, қолайлы әлеуметтік жағдай жасау. Білім беру үрдісіндегі қатысушыларға психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету.

Оның негізгі міндеттері болып мыналар саналады: Білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал етіп, өзін –өзі тәрбиелеу үшін дамыта отырып, қабілетін қалыптастыру;

Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
Білім алушыларды педагогикалық –психологиялық зерделеу негізінде



білім алушыға жеке тәсілді қатамасыз ету;
Психологиялық диагностиканы жүргізіп, білім алушылардың
шығармашылық әлеуетін дамыту;
Психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың
проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын
жүзеге асыру;
Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие
жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен
педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
Оқушылардың психологиялық даму процесін, оқыту ортасының
арнайы шарасы мен қалыптасуына жағдай жасау мақсатында жұмыс
жоспары құрылып, психологиялық алдын алу жұмыстары жүргізілді.

«ЖасҰлан» өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы.

Мектепте білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымы білім алушылардың белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Өзін-өзі басқару ұйымдары талдауға және өзіндік талдауға, бақылауға және өзіндік бақылауға үйретеді, ұйымдастыру және басқару дағдыларын қалыптастырады. Мектептегі білім алушылардың басқару ұйымымен мектеп тәлімгері жұмыс жасайды.

Басты мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері: Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық

жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2024 – 2025 оқу жылының қыркүйек айы ұйымдастыру жұмыстары мен жылдық жұмыс құру негізінде болды.

Мектеп парламентінің президентін сайлауы өтті.



Сайлауға мектеп әкімшілігі, ата-аналармен 5-11 сынып білім алушылар белсенді түрде қатысты.

Президенттікке үміткерлер:

1. Жаппас Айару 9 сынып ✓
2. Жеңісұлы Нұрымжан 9 сынып ✓
3. Жаппас Мадияр 7 сынып ✓
4. Өмірзақ Нұрислам 8 сынып ✓

Сайлаудың әділ өтуіне арнайы бақылау комиссиясының мүшелері 8-10 сынып белсенділері, директордың тәрбие орынбасары Қайыржан Қалижанұлы бақылады.

Дауыс беру таңғы сағат 09:00-12:00ге дейін жалғасты.

Нәтижесінде : ✓

Жаппас Айару 27% дауыспен

Мектеп парламент президенті болып жарияланды

<https://www.instagram.com/reel/DBVcdhjIqXw/?igsh=cnczazV3YjZ2dnc1>

Білім күні 1 – 11-сынып оқушылары «Алғашқы қоңырау» атты мерекелік шараға қатысты. Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыта отырып тәрбиелеу. Мектеп парламентінің алғашқы отырысы болды. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен бала құқығы туралы конвенциямен оқушыларды таныстырып отырып, жылдық жоспарын бекіту, рәміздері мен ерекше белгілерін



түсіндіру. Оқушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Тәртіп пен біркелкі мектеп формасы оқу ортасының жақсаруына ықпал етеді және оқушылардың үлгерімін арттырады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР МІНДЕТТІ:

- ☐ ішкі тәртіп ережелерін, білім беру ұйымының жарғысын сақтау;
- ☐ басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілеріне көмектесу;
- ☐ тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- ☐ физикалық қысым, қорқыту мен және қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.

САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әкімшінің, сынып жетекшісінің немесе медбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

ОҚУДА:

- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау;
- оқу орнында тәртіпті сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұқыпты қарау

https://www.instagram.com/p/C-mcIsxox7e/?img_index=1&igsh=MTBjc3U0czR3cGtiMw==

Мектеп ауласын тазалау бойынша сенбілік өткізілді. Мұғалімдер, мектеп қызметкерлері, оқушылар бірігіп сенбілікке ат салысты. Мектеп айналасындағы барлық аумақ тұрмыстық қоқыстардан, жапырақтардан,



құрғақ шөптерден, бұтақтардан тазартылып, үлкен жұмыс атқарылды.

Парламент мүшелері еріктілер тобын жасақтап, отбасы күніне орай ауылымыздың ардагері, қарт ана Марфуға әженің шаңырағына барып қысқы отын түрін жинауға көмектесті. Еріктілерге жетекшілік еткен Дамира Маратқызына және оқушыларға қарт ана алғысын айтты
https://www.instagram.com/p/C_iM8OnIskd/?igsh=MXR5bjloem95N3pya_w==

Мектептің Парламент мүшелері өздері оқитын мектептің табыстытүлектерімен үнемі тығыз байланыста, ұрпақтар сабақтастығын үзбейді. Жасбуын жалпы білім беретін мектебінде 1994 жылы мектеп бітіруші түлектердің демеушілігімен бау-бақша егетін тәжірибе алаңы жасалды. Ауданы 360 кв/м. аумақты евро шарбақтармен қоршап, 110 кв/м тас төсеніш төседі және өздерінің туылған жылы ретінде “77” санына ұқсатып кіре беріс аркасын жасады. Бұл құрылыс жұмыстарына мектебіміздің ата-аналары, ұстаздар, оқушылар және ауыл кәсіпкерлері жұмылдырылып, игі істің нәтижесі ретінде мектебімізде ашылу салтанаты өтті. Тәжірибе алаңының ашылу лентасын ата-ана Ғабидолла Бекмағанбетұлы және алаңға демеушілік жасаған жылғылардың бірі Бекзат Сейтжанұлы кесіп, пайдалануға берді. Мектеп оқушылары жомарт күздің жемістерін келген қонақтарға тарту етті. Көркем пәнінің мұғалімі Гүлзада Тұрлығұлқызы қияр мен қызанақ тұздау тәсілін оқушыларға тәжірибе ретінде көрсетіп үйретті. Қарқынды құрылыспен бірге алаңға бау-бақша дақылдары егілген болатын. “Жас эколог” үйірмесінің жетекшісі Гүлнар Асанқызы жазғы демалыс кезінде үйірме мүшелерімен бірге бақшаны күтіп-баптап, әр өсімдіктің егілген уақыты мен жеміс берген уақытын тәжірибе ретінде оқушылар күнделігіне тіркеп отырды. Үйірме жетекшісі алдағы жоспар бойынша тұрмыста пайдаланатын сыпырғыш сұрпының түрлерін егіп, көркем еңбек сабағында шикізатты дайын өнімге айналдыру тәсілін іске асыруды көздеп отыр.

https://www.instagram.com/reel/C_10y3ko0Iy/?igsh=cnc1aXVmYjJoN3Nq

Мектеп Парламенті ұстаздар күні қарсаңында Дублер күні ұйымдастырды. Оқушылар мен педагогтардың бірлескен қызметін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың әлеуметтік құзыретті тұлғасын дамыту үшін жағдай жасау мақсатында өткізілетін іс-шараға



педагогтер мен 5-11 сынып оқушылары, мектеп парламент мүшелері қатынасатын болады.

Дублёр күніне байланысты мектеп директоры Лублёр күнін өткізу туралы, сондай-ақ құрамына педагогтер, Қамқоршылық кеңес және мектеп парламенті мүшелері кіретін бастамашыл топты құру туралы бұйрық шығарады.

Мектеп директорының дублёрлық қызметіне кандидатураны бастамашыл топ ұсынады. Бастамашыл топ мектеп қызметкерлерінің рөліне үміткерлерді таңдайды және олардың тізімін Дублёр күніне дейін мектеп директорына бекіту ұсынады.

Мектеп директорының дублёры мен бастамашыл топ міндеттерді нақтылау үшін дублёр-білім алушылардың жиналысын Дублёр күніне дейін ұйымдастырады және өткізеді.

Дублёр күні кезінде кезінде лауазымы мектеп оқушысымен ауыстырылатын адамдар оларды алмастыратын оқушымен егжей-тегжейлі нұсқаулық өткізеді. Нұсқаулық барысында: өз міндеттерінің шеңберін қысқаша баяндау, ауыстырылатын лауазымды атқара отырып, дублёрдың жоспарланған негізгі іс-шаралар тізбесін талқылау; сабақтың немесе іс-шараның жоспар-конспектісін көмек көрсету; Дублёр күніне кемінде бір күн қалғанда әдістемелік ұсынымдардың бар- жоғын тексеру қажет.

Дублёр күні өткізілетін сабақтардың, сынып сағаттарының және бамқа да іс-шаралардың санын білім беру ұйымы өз бетінше айқындайды.

Мектеп қызметкерлері ішкі тәртіп ережелерін мақтай отырып, өздерінің жұмыс орындарына бақылаушы ретінде қатысады. Әкімшілік-педагогикалық құрам өз дублёрлеріне қажет болған жағдайда кеңес бере алады. Олардың қызметіне ерекше қажеттіліксіз араласуға жол берілмейді. Лауазымдық нұсқаулықтарды дублёрлер өрескел бұзған жағдайда, мектеп қызметкерлері оларды жұмыстан шеттетуге құқылы. Дублёр күні Ұстаздар күніне арналған концертпен аяқталды.

<https://www.instagram.com/p/DASiQ3ko7QS/?igsh=b3U1ajVuYWdwOWlr>

13 желтоқсан күні Ел Тәуелсіздігінің 33 жылдық мерей тойына арналған "Тәуелсіз елдің қырандары" атты 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған Біріңғай "Жас ұлан" және "Жас қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына оқушыларды қабылдау өтті.

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге



деген құштарлық, беріктік, отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. "Жас қыран" ұйымына 12 оқушы өтіп, ант қабылдады.

https://www.instagram.com/p/DDlTrjaI7_F/?igsh=OHJsOWs4ejQ0Ymww

Өзін-өзі басқару ұйымына енген оқушылар саны

Оқужылдары	«Жас қыран»	«Жас ұлан»
2022-2023	19	17
2023-2024	17	31
2024-2025	17	30

Мониторинг нәтижесі бойынша қорытынды талдау

Соңғы үш жылдағы мониторингтік көрсеткіштерге сүйенсек, «Өзін-өзі басқару» ұйымына қатысушы білім алушылардың саны жыл сайын өзгеріп отырған. Бұл көрсеткіштің ауытқуына білім алушылардың мектепшілік және мектептен тыс іс-шараларға белсенді тартылуы мен олардың жеке қызығушылығының деңгейі ықпал етуде. Білім алушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру – тәрбие беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәрбиелеу – үздіксіз жүретін процесс, ол тек оқу үдерісімен шектеліп қоймай, оқушының сабақтан тыс уақытында да жалғасын табуы тиіс. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі ерекше: ол тек демалып, тынығу үшін ғана емес, тұлғаның рухани, зияткерлік және шығармашылық әлеуетінің дамуына бағытталады. Сол себепті оқушылардың бос уақытын мазмұнды әрі тиімді ұйымдастыру – олардың көзқарасын қалыптастырып, дүниетанымын кеңейтуге ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

2024-2025 оқу жылына үйірме секциялары туралы мәлімет

№	Үйірме атауы	Түрі
1	«Ділмарлар алаңы» дебат клубы	Қоғамдық
2	«Жас эколог»	Қоғамдық
3	«Сәт» театры	Көркемөнер эстетикалық



4	«Волейбол» үйірмесі	Спорттық
5	«Жеңіл атлетика және шаңғы»	Спорттық
6	«Баскетбол» үйірмесі	Спорттық
7	«Шахмат» үйірмесі	Спорттық
8	«Ісмер» үйірмесі	Көркемөнер эстетикалық
9	«Сәндік-қолданбалы өнер» үйірмесі	Көркемөнер эстетикалық
	Барлығы	

Мектеп оқушылары көбіне спорттық үйірмелерге тартылғандықтан спортшы оқушылар салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ауданда спорт түрлерін насихаттау,

үздік шыққан спортшыларды анықтау мақсатында өткізілген футболдан 9-11 сынып ұлдар арасында лига жарысында жақсы ойын көрсетіп командалық үшінші орынға қол жеткізді.

https://www.instagram.com/p/C_-mZmZlaND/?igsh=ZnA3Nm9ib2E1a2cy

Салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ауданда спорт түрлерін насихаттау, үздік шыққан спортшыларды анықтау мақсатында өткізілген Баскетболдан 5-6 сыныптың қыздар арасында лига жарысында 1 орынға қол жеткізіп, облысқа жолдама алды.

https://www.instagram.com/p/DGSr3_4I7hP/?igsh=MTFidHgzb3JxYzJjeQ==

Жасбуын жалпы білім беретін мектебінде спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу мақсатында мектебімізде ұлттық футбол лиганың ашылу салтанаты өтті. Іс-шара барысында мектеп директоры Әділхан Әбдіғалымұлы спортшыларға сәттілік тіледі

https://www.instagram.com/p/C_5esOooJBb/?igsh=d2QxbG9wbjRlcHRx

16.09.2024 күні Жасбуын жалпы білім беретін мектебінде жас дебатшылар мен жиналыс өтті. Бұл үйірме қатысушылардың коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге үлкен үлес қосады. Оқушылар өз ойларын анық әрі сенімді түрде жеткізе білуді үйреніп, пікірталас барысында сындарлы ойлау дағдыларын дамыттады. Әр қатысушы өз көзқарасын дәлелдей отырып, тыңдаушы аудиторияны өз жағына тартуды үйренеді.

<https://www.instagram.com/p/DAIWfMkoPxE/?igsh=MXNtb2didGo1eGJtdw==>

07.10.2024 күні Жасбуын жалпы білім беретін мектебінде дебат үйірмесінің жиналысы өтті.

Мақсаты: Оқушыларды АПФ форматындағы дебат ережелерімен және кейс құрау, аргумент маңыздылығы бойынша негізгі қағидалармен таныстыру.

Негізгі талқыланған мәселелер: АПФ форматымен таныстыру: АПФ форматындағы дебат құрылымы мен рөлдерге тоқталдық (Үкімет пен Оппозиция). Сөйлеу уақыты мен әрбір спикердің міндеттері түсіндірілді. Кейс құрау: Оқушыларға кейс құрудың маңыздылығы мен оның құрылымы түсіндірілді. Кейс құрудың негізгі бөліктері: тақырыпқа сәйкес нақты позиция, негізгі аргументтер, оларды дәлелдермен бекіту.

Үкімет кейсінің позитивті аспектілері мен Оппозиция жағының қарсы аргументтер әзірлеу жолдары көрсетілді. Аргумент маңыздылығы: Аргументтерді негіздеу және олардың маңызын көрсетуге баса назар аударылды. Аргументтің нәтижесі мен салдары (импакт) оқушыларға түсіндірілді, бұл аспектінің дебатта жеңіске жету үшін шешуші рөл атқаратыны атап өтілді. Практикалық мысалдар: Кейс құру және аргументтерді жақсарту

үшін нақты мысалдар келтірілді. Оқушылар кейс құрауды өз бетімен тәжірибе ретінде талқылап, аргументтерін талдады.

Қорытынды: Оқушылар АПФ форматымен және оның ережелерімен толықтай танысты. Кейс құру және аргументтердің маңыздылығын түсіну арқылы олар дебатта позицияларын нығайтуға қажетті базалық дағдыларды меңгерді. Келесі қадам – практикалық дебат сессияларын өткізіп, алған білімдерін іс жүзінде қолдану.

<https://www.instagram.com/p/DA0TwnMooQK/?igsh=cm1qc3JkNzc5dnBu>

"Өлкетану" үйірмесінің жетекшісі Жұмат Серікбайұлы КРІ жобасы аясында "Туған өлкеге саяхат" тақырыбында жергілікті ақын Сәт Есенбайұлының өмірімен танысу үшін Сәт ауылына барып мәдени ескерткіштермен танысты.

Мақсаты: Оқушылардың тарихи-мәдени мұраларға деген қызығушылығын арттыру.

Ел тарихына, мәдениетіне деген құрмет пен патриоттық сезім қалыптастыру

<https://www.instagram.com/p/DIiYPMhoFPf/?igsh=ZW5oYzVkNXhucmJm>

«Жас эколог» экологиялық үйірме мүшелері мектеп алаңқайындағы бау-бақша егетін жерге құнарлы топырақ төгіп, жинау жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/DIasxygI423/?igsh=MTYxOHl1MmN4ajZ3eQ==>

Жер сағаты (Earth Hour) - бұл экологиялық, қозғалыс, табиғат пен климатты қорғау мақсатында әлемнің әртүрлі елдерінде өткізілетін жыл сайынғы акция.

Мақсаты: Табиғатты қорғау және климаттың өзгеруіне қарсы күрес - Жер сағатының негізгі мақсаты - адамзаттың, табиғатқа және планетамызға деген жауапкершілігін арттыру, климаттың өзгеруі мен экологиялық дағдарысқа қарсы әрекет ету. Міндеттері: 1. Энергия тұтынуды темендету – акция кезінде әлемдегі қалалар мен үй шаруашылықтары электр жарығын өшіріп, энергияны үнемдейді. 2. Экологиялық проблемаларға назар аудару - Жер сағатының ұйымдастырылуы экологиялық мәселелерді әлемдік деңгейде көтеріп қоғамды олар туралы ойлантуға шақырады.

3. Қоғамдық пікір қалыптастыру- табиғатты қорғау жөніндегі әрекеттерді кеңінен насихаттау, әсіресе жастар арасында экологиялық жауапкершілікті арттыру.

<https://www.instagram.com/reel/DHgY2XJI8vF/?igsh=ZW0wdjdxZXh2Z3Vw>

Мектебіміздің СӘТ театр үйірмесінің оқушылары көрісу күніне орай театрланған қойылым қойды. <https://www.instagram.com/reel/DHO16f-InhL/?igsh=amMzdnRvYtZwNTJp>

Амангелді ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Армандастар» балалар шығармашылығын дамыту мақсатында аудан орталығында мектептер арасында "Театр қойылымы", "Ұлттық би", "Заманауи би" номинациясы бойынша байқау ұйымдастырылып, сол байқауда Жасбуын жалпы білім беретін мектебінің оқушылары театр қойылымы байқауынан "Менің атым Қожа" қойылымын сахналады. Көрерменнің көңілінен шыққан "Сәт" театрының ұжымы 1- орынға ие болды. Сұлтан рөлін сомдаған Жарасханұлы Мақсат және Қожа рөлін сомдаушы Жеңісұлы Нұрымжан үздік актёр атағына



ие болып, марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/DGhkP5FpwDq/?igsh=azZ5angwc2I3aDFo>

Дебат үйірмесінің оқушылары студент кезінде дебат сайыстарының жүлдегері атанған Дамира Маратқызымен кездесті. Кездесу барысында Дамира Маратқызы өз тәжірибесімен бөлісіп, шешендік өнердің маңыздылығы, дикцияны дамыту, сөздік қорды кеңейту және сенімді сөйлеу туралы құнды кеңестер берді.

Оқушыларға Дейл Карнегидің «Шешендік өнер» кітабын оқуды ұсынып, оның ішінде шешендікті дамытудың тиімді әдістері бар екенін атап өтті. Алдағы уақытта үйірме мүшелері осы кітаппен жұмыс жасап, өз дағдыларын одан әрі шыңдайтын болады.

Осындай пайдалы кездесулер оқушыларымыздың дебаттағы шеберлігін арттыруға үлкен әсер етеді.

<https://www.instagram.com/p/DGdGaE3I39C/?igsh=MmZjOXkwcm5pbzl3>

«Smart Bala» жобасы арқылы оқушылардың ақпараттық технологияларға қызығушылығы арттырылып, шығармашылық және инновациялық ойлау қабілеттері дамытылды.

Қорытындылай келе бағдарламаны тиімді жүзеге асыру үшін мұғалімдердің құндылықтарға негізделген білім беру әдістемесін меңгеру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналардың тәрбие процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар жүргізілді

Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін нақты көрсеткіштер мен мониторинг жүйесі енгізу ұсынылды.

№	Үйірме атауы	Түрі
1	«Зияткер» дебат клубы	Қоғамдық
2	«Жас қаламгер»	Қоғамдық
3	«Балауса» театрі	Көркемөнер эстетикалық
4	«Гүлдер-ай» би үйірмесі	Көркемөнер эстетикалық
5	«Волейбол» үйірмесі	Спорттық
6	«Жеңіл атлетика және шаңғы»	Спорттық
7	«Баскетбол» үйірмесі	Спорттық
8	«Шахмат» үйірмесі	Спорттық
9	«Ісмер» үйірмесі	Көркемөнер эстетикалық



10	«Сәндік- қолданбалы өнер» үйірмесі	Көркемөнер эстетикалық
	Барлығы	

**Жасбуын жалпы білім беретін мектебінің
әлеуметтік педагогы Искаков Серік Болатұлының**


2024-2025 оқу жылына арнаған жылдық жоспары.

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайы.

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу


Мектепте бала саны оқушы, кейінгі жылдармен салыстырғанда өсім жоқ.

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024- 2025 оқу жылы
142 оқушы	137оқушы	132 оқушы




Көп балалы отбасы балалары

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
88 оқушы	78 оқушы	75 оқушы




Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
34 оқушы	19 оқушы	14 оқушы



Толық емес отбасы балалары

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024- 2025 оқу жылы
13 оқушы	12 оқушы	10 оқушы




Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар тізім жасалынып, бұйрығы шығарылды, аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасы балалары тегіс қамтылды. Тегін ыстық тамақ құны 750 теңге. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуі әлеуметтік педагог тарапынан бақыланып



Қостанай облысы білім басқармасы «Амангелді аудандық білім бөлімінің Жасбуын ЖББМ»КММ
отырады. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушы саны 92 оқушы.


Мектеп бойынша жалпы ата -аналар санының үш жылғы көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
81	74	69




Сенімхатпен тұратын оқушылардың үш жылғы салыстырмалы көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
7	6	5




Қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне үш жылда демалған оқушылардың салыстырмалы көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
7	12	17



Өгей әкемен тұратын оқушылардың үш жылғы салыстырмалы көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
7 оқушы	5 оқушы	4 оқушы



Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды (жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған, АӘК алатын, сәтсіз отбасынан шыққан, қиын жағдайдағы оқушылар) оқулықпен қамтамасыз етілгені қадағаланды.

II. Балалық құқығын қорғау жұмысы

Мектепте «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы да ұйымдастырылды. Акцияға мұғалімдер, мектеп бітіріп кеткен түлектер тарапынан ақшалай, заттай көмек көрсетілді, оқу құрал, сөмкелерді басқада санаттағы оқушыларға берілді.

Буллингке ұшыраған білім алушыларды анықтау мақсатында сауалнама алынды, буллингке ұшыраған бала анықталған жоқ.

Мектепте волейбол, шахмат секциялары мен балалар театры, экология, жұмыс жасайды, 85.8 % мектеп оқушылары үйірмелерге тартылған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында учасковый М.Қабиболла маңызды ақпараттарымен оқушыларды ақпараттандырды.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың қудалаудың алдын алу жұмыстары /Іскерлік ойын/ өткізілді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бейнематериал 5-9 сыныптарға бейнематериал көрсетілді.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

Мектепте 6-қараша мен 6-желтоқсан аралығында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық айлығы өткізілді. Айлыққа барлық сынып оқушылары ат салысты. 6-10 сыныптар арасында «Мен және Қазақстан Конституциясы», «Менің құқығым бар» тақырыптарында плакаттар, эссе байқауы өтсе, 2-7 сыныптар арасында «Менің құқықтарым әлемі» суреттер байқауы өтті. Оқушылармен құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі өткізілді. ҚР заңнамасын, кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтары мен міндеттерін, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін түсіндіру бойынша сыныптарға мектеп медбикесі дәрістер оқыды.

Балалар арасындағы суицидтік мінез-құлықтың, балалардың алкогольді, энергетикалық сусындарды, вейптерді және электрондық темекілерді тұтынуының алдын алу жөніндегі бірыңғай облыстық ата-аналар жиналысы өткізілді.



Сәтсіз, мектепішілік есепте, қауіпті топтағы оқушыларды анықтап және әлеуметтік жұмыстармен тұрғын үй тұрмыс жағдайлары анықталып, /сауалнама, әңгеме-сұхбат /жұмыстар жүргізілді, нәтижесінде бұл топтағы оқушылар анықталған жоқ.

Құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу, ата-ананың қамқорынсыз қалғандарды анықтау, түнгі уақытта ата-анасыз және заңды өкілдерісіз жүрген балаларды анықтау мақсатында профилактикалық рейдтер жүргізілді, нәтижесінде жоғарыдағы санаттағы балалар анықталған жоқ.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

Мектептің психологиялық қызметіне жүгінген білім алушылар мен ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру және қолдау шараларын ұйымдастырылды, ата-аналармен жеке жүздесулер болды.

Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды қатыстырылды. Аудан әкімінің шыршасына көп балалы,толық емес отбасынан 3 оқушы Сапа Ерасыл 5- сынып оқушысы, Қуандық Мадина 4- сынып оқушысы,Матай Жанайым 4-сынып оқушысы қатынасып,өздерінің сый-сияпаттарын алып келді.

Мектебімізде де жаңа жыл шыршасы ұйымдастырылды , демеушілер тартылып өз сый сипаттарын балаларға үлестірді, мектеп тарапынан ұйымдастырылды аяз ата, ат шанамен, балаларының сыйлықтарын уйлеріне аяз атамен жеткізу ата-аналар тапсырысы орындалды. Көп балалы, аз қамтылған, отбасынан шыққан оқушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне жіберілді. Мектеп жанындағы лагерь ұйымдастырылды, Рудный қаласына «Орленок» лагеріне 9-сынып оқушысы Бақытбек Ақнұр барып демалып келеді.

Мемлекет тарапынан бөлінетін қаржылай көмек биылғы жылы 43000 тенге көбейді, яғни көп балалы, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы, толық емес отбасы балаларына 43000 тенгеден қаржылай көмек берілді. Оны алу үшін ата-аналар құжат тапсырып, ол құжаттарын арнайы қамқоршылық кеңесте қаралып, талқыланып, осы тиісті санаттағы отбасыларға 43000 ден мектеп жасындағы әр бала басына төленді. Осы санаттағы 78 оқушы алды.Құжаттары №64 қаулыға сәйкес қабылданды, ата-аналардан чек,фоталар тапсырды.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс.

Білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді және жаднама таратылды, сауалнама алынды. «Өз құқығыңды білесің бе?» 7,8,9,10,11 сыныптардан сауалнама алынды, нәтижесінде оқушылар өз



құқықтырының білетіндігі анықталды. Әр сынып ата-аналарынан балалардың құқығын қорғау мақсатында сауалнамалар алынды.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

«Мектеп оқушылары арасында бопсалау, әлім жеттікті анықтау» сауалнамасы,

«Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақтану» сауалнамалары алынды.

«Зорлық зомбылыққа» байланысты 5-10 сыныптардан сауалнамалар алынды, сауалнама нәтижесінде зорлық-зомбылық анықталған жоқ. 5,6,7,8,9,10 сыныптар арасында «Сыныптағы қарым-қатынас» атты әлеуметтік семинар өткізілді.

«Дұрыс тамақтану –денсаулық кепілі» атты 5-10 сыныптар арасында плакаттар байқауы өтті. Байқаудың мақсаты балаларға дұрыс тамақтанудың қандай денсаулыққа пайдасы бар екенін ұғындыру. Сайыс шартында , ақпараттардың пайдалылығы, әр жазылған ақпарат тың сауатты жазылуы қаралды. Осы сайыста 1 орын – 6-сынып, 2 орын – 9-сынып, 3 орынды – 10-сынып жеңіп алды.

Оқу -тәрбие үрдісіндегі психологиялық-педагогикалық қызметі.

Мақсаты: Психологиялық қызмет білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу әрекетінің білім беру уәждемесі, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын қалыптастыру, психологиялық жәй-күйін тұрақтандыру, бейімді өзін-өзі айқындау және басқа да қолайлы жағдайлары бойынша орта білім беру ұйымының алқалы органы болып табылады.

Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындақтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайына психологиялық–педагогикалық сүйемелдеумен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің психоологиялық сауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

Міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушылардың бойындағы мінез-құлықтың алдын алу мақсатында ата-аналар мен сынып жетекшілермен тығыз байланыста бола отырып, бала денсаулығы және оның өмір қауіпсіздігін басты назарда ұстау.

білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;

психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата – аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;



3) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Оқушының психологиялық даму процесін, оқыту ортасының арнайы шарасы мен қалыптасуына жағдай жасау мақсатында жұмыс жоспары құрылып, психологиялық алдын алу жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында ең алдымен ПМПК-ның қорытындысы бойынша оқушылардың тізімін жаңарту және ПМПК-ның қорытындысы бар . Оқушылардың және дарынды оқушылар тізімін жинақтау жүргізілді.

2024-2025 оқу жылындағы ерекше қажет ететін оқушылардың тізімінде- 8 оқушы бар. Оның ішінде:

жеңіл диагнозы бар сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың тізімі – 8 оқушы

ПМПК қорытындыларына сәйкес ПМПК қорытындысы бар оқушымен жоспар құрылды.

Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға психологиялық даярлығы мен қабілетін анықтау.

2024 – 2025 оқу жылында оқушыларының оқу процесін бейімделуін зерттеу барысында, көптеген балаларға мектепке бейімделу қиынға соғады. Бала өзі шеше алмайтын көптеген мәселелерге кездеседі. Нәтижесінде балада мектеп неврозы пайда болуы мүмкін. Мектеп неврозын ерте диагностикалау, коррекциялау және профилактика жасау көкейтесті мәселе болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстарына тоқтала кетсем.

Оқушылардың мектептік көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімделулерін анықтау мақсатында «Мектептегі оқуға қабілетін зерттеу» (Керн –Йирасек) тест

Оқушылардың ойлау және сөйлеу қабілеттерін анықтау мақсатында «Ойлау және сөйлеу деңгейін анықтау» проективті әдіс 1 сыныпта жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша: 1-сыныбында үш оқушы – жоғары, жеті оқушы – орташа , үш оқушы төмен деңгейде анықталды.

Сыныбы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
1	4	6	3



Қыркүйек-қазан айларында 1-сынып оқушыларымен мектепке және орта буынға ауысқан кезде оқушылардың сынып ұжымында болуының жайлылық дәрежесін анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша:

1-сыныбынын алынған "Менің сыныбым" әдістемесінің нәтижелері

Сыныбы	Мұғалімнен алыста	Өзге балалармен өзін теңестіру	Мұғаліммен бірге	Ойын позициясы
1	-	4	6	3

1-сыныбында баланың бейімделуі жақсы деңгейде - 4 оқушы, мұғалімнің маңыздылығы ерекше екендігін анықтау барысында - 6 оқушы, ойын позициясында – 3 оқушы анықталды.

-Оқушылардың өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында 1-сынып оқушыларымен «Баспалдақ» әдістемесі жүргізілді.

1-сыныбынан алынған "Баспалдақ" әдістемесінің нәтижелері

Сыныбы	жоғары	орташа	төмен
1	7	6	-

1-сыныбында – 7 оқушы жоғары, 6 оқушы – орташа деңгейде анықталды;

Оқушылардың болмысын, оның эмоционалдық жай-күйін, қоғамдағы орнын анықтауға көмектесу мақсатында Керен-Йерасектің тест әдістемесі жүргізілді.

Мақсаты: Баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығы анықтауға арналған әдістеме.

Зерттеу нәтижелері бойынша:

- 1 сыныбында - 7 оқушы жоғары, 6 оқушы –орташа деңгейде анықталды

«Жүргізілген әдістемелері бойынша сынып жетекшілерге төмендегі ұсыныстар берілді:

1.Ойын позициясын таңдаған, өзің-өзі бағалауы төмен деңгейде анықталған оқушыларды ортаға тарту, ұжымдағы қарым-қатынасты жақсарту, өзіңе деген сенімділікті арттыру;

2. Мұғаліммен қарым – қатынастарын жақсарту барысында оқушыны сөйлеуге, ортаға бейімдеуге көмек беру.

3. Оқушының сынып жетекшісіне деген сенімділікті қалыптастыру үшін, баланы өзіне жақын тарту.

4.Оқушылардың сабақ оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттыру үшін, мотивация беретін әртүрлі әдістемелерді пайдалану.

Орта буынға оқуға бейімделуіне психологиялық көмек көрсету, алаңдаушылықты төмендету, әлеуметтік ортаға бейімделу жұмыстарын жандандыру мақсатында 5 сынып оқушыларымен диагностикалық зерттеулер жүргізілді.

Бастауыш буыннан орта буынға өту кезеңінде туындаған қиындықтарды анықтау барысында әлеуметтік және психологиялық бейімделу ерекше орын алады.Жеткіншек жастың басында балалар сырт пішін жағынан да,мінез -құлқы жағынан әлі де бастауыш буында қалыптасқан қылықтармен байқалады.

Осы кезде оқушыларда көптеген психологиялық өзгерістер болады,өйткені бастауыш сыныпта оқушы тек бір ғана мұғалімге, бір кабинетке, тұрақты қалыпқа үйренген. Ал енді әр оқушының алдында оқытудың бейтаныс жағдайларына, яғни оқу пәндерінің көп болуына, жаңа мұғалімдерге бейімделу міндеті тұр. Оларда мазасыздық, сенімсіздік қалыптасады, оқу үлгерімі төмендейді. Сыныптастарымен, жаңа мұғалімдермен қарым-қатынаста қиындықтар байқалады. Осындай кезеңнен сәтті өту үшін оқушылардың пәнге, білімге қызығушылығын арттыру, сыныптастарымен, мұғалімдерімен жағымды қарым-қатыныс жасау үшін психологиялық кеңес, бағыт-бағдар беріліп, біршама жұмыстар жүргізілілуде.

Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова әдістемесі алынды. Жүргізілген әдістеменің қорытындысы бойынша:



- 5 сыныбында жоғары деңгейде көрсеткен - 4 оқушы, орташа деңгей көрсеткен – 3 оқушы;

Сыныбы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
5	4	3	-

Н.Г.Лусканова әдістемесінің қорытынды мониторингі

Оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында 5 сыныптың оқушыларымен «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

Нәтижесінде:

-5-сыныбында баланың бейімделуі жақсы деңгейде -4 оқушы, мұғалімнің маңыздылығы ерекше – 3

«Менің сыныбым» әдістемесінің қорытынды кесетесі

Сыныбы	бейімделуі жақсы деңгейде	Мұғалімнің маңыздылығы ерекше	Ойын поициясы	Бейімделуінде қиындықтар бар
5	4	3	-	-

«Менің сыныбым» әдістемесінің қорытынды мониторингі

-Сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында 5 сыныптарының оқушыларымен «Баспалдақ» әдістемесі жүргізілді.

Нәтижесінде:

-5 сыныбында өзін-өзі бағалауы жоғары деңгейдегі оқушылар саны – 4, орташа деңгейдегі оқушылар саны – 3, төмен деңгейдегі оқушы саны – 0;

«Баспалдақ» әдістемесінің қорытынды кестесі

Сыныбы	Жоғары деңгей	Орташа деңгей	Төмен деңгей
5	4	3	0

«Баспалдақ» әдістемесінің қорытынды мониторингі

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді қоғам дертіңе айналдырып отырған суицид және зорлық –зомбылық қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына әсер етуде.

«Қатегіздік пен зорлық -зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны 16 –күндік өтті.

Мақсаты: Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару. Қоғамда балаларды қатегездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру.Балаларды зорлық -зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

Жоспар бойынша оқушылар арасында сынып сағаттары,пікірсайыстар,дөңгелек үстел, шығармашылық байқаулар, ата –аналар жиналысы, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі отырыс, дебат, тренингтер өткізілді.

Нәтижесінде:

- Оқушылар өмірге деген әрбір сәтін бағалау керек екендігін түсінді және одан шығу жолдарын білді.
- Тоқсан сайын (қыркүйек, желтоқсан, наурыз және мамыр айларында) педагог-психологтар оқушылардан жасырын түрде сауалнама алып отырады.
- Сауалнамалар бойынша анықталған оқушылармен ары қарай тексеру жұмыстары жүргізіледі. Мониторингтік бақылау үш ай жалғастырылады. Диагностика нәтижелері бойынша психолог маманы балалармен, сынып жетекшілерімен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу жүргізіп отырады. Одан әрі анықталған арт-терапиялық әдістерді қолдана отырып, тренингтер түрінде кешенді терапиялық түзету жұмыстары жүргізеді.
- 2024 жылдың қыркүйек айында 5-11 сынып оқушыларына «Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі», «"Алаңдаушылық шкаласы" әдісі (Кондаш)» оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторингтің HR+ бағдарламасымен жүргізілді. Барлық қатысқан оқушылар саны-83.
- 5-11 сынып оқушыларының арасында зорлық – зомбылықтың алдын алу барысында жасырын сауалнама жүргізілді. Зорлық – зомбылыққа тап болған оқушылар анықталған жоқ. Барлық сынып жетекшілерге психологиялық ұсыныстар мен кеңестер берілді.
- 2024 жылдың желтоқсан айында 5-11 сынып оқушыларына «Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі», «"Алаңдаушылық шкаласы" әдісі (Кондаш)» оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторингтің HR+ бағдарламасымен жүргізілді. Барлық қатысқан оқушылар саны-83.
- 5-11 сынып оқушыларының арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында жасырын сауалнама жүргізілді. Зорлық-зомбылыққа тап болған

оқушылар анықталған жоқ. Барлық сынып жетекшілерге психологиялық ұсыныстар мен кеңестер берілді.

- 2024 жылдың наурыз айында 5-11 сынып оқушыларына «Филлипстің мектепте үрейлену деңгейін саралау әдістемесі», "Алаңдаушылық шкаласы" әдісі (Кондаш) оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында автоматтандырылған психологиялық-педагогикалық мониторингтің HR+ бағдарламасымен жүргізілді. Барлық қатысқан оқушылар саны-83.
- 5-11 сынып оқушыларының арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында жасырын сауалнама жүргізілді. Зорлық-зомбылыққа тап болған оқушылар анықталған жоқ. Барлық сынып жетекшілерге психологиялық ұсыныстар мен кеңестер берілді.
- 7,8 сыныптың оқушыларына Филипс тест диагностика «Психологиялық жәй-күйді өзіндік бағалау» . Қатысқан оқушылар саны – 12.
- 7 сыныбынан алынған диагностика қорытындысы бойынша (танымдық белсенділік) – 14 оқушы, жоғары – 7, орташа – 7 (мазасыздану), жоғары – 0, төмен – 14. (Ашу) жоғары – 0, орташа – 5, төмен – 9 оқушы анықталды;
- 8-сыныптың оқушыларына тест диагностика «Психологиялық жәй - күйді өзіндік бағалау» қатысқан оқушылар саны -11
- 8-сыныбынан алынған диагностика қорытындысы бойынша(танымдық белсенділік) -11 оқушы, жоғары -7, орташа -4, (мазасыздану) жоғары -0, төмен - 11, (ашу) жоғары -0, орташа -3, төмен -8 оқушы анықталды.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушыларды дайындау мақсатында жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: оқушылар арасында бір –біріне деген сенімді нығайту, қарым – қатынасын бақылау, ұйымдастырушылық қабілеттерін жетілдіру, өзін –өзі реттеуді, өздік бақылауды, өздеріне сенімділікті арттыру. Оқушыларды ҰБТ, ОЖСБ –ға психологиялық түрде даярлау мақсатында 4,9,11 ата –аналарына кеңес беру. Жасөспірімдердің тестілеу дайындығы кезінде ата -аналардың мінез-құлықтарына қатысты ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер ұсынылды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде ҰБТ-ке деген жауапкершілік арта түсуде. Осы әдістемелік құралды негізге ала отырып, бітіруші сыныптарға жұмыстар жүргізілді. «Мамандықтар әлемі», «Мамандық өмір таңдауы», «ҰБТ және мен», «Сенім менің серігім», «Мамандықты дұрыс таңдай білейік», «Менің болашақ мамандығым» тренингтер, кеңестер, «Өзіңе сен! Сен ҰБТ –да жеңіске жетесің!» дөңгелек үстел. Психологиялық жаттығуларды, тренингтер орындау барысында ер балалардың қыздарға қаншалықты көңіл күй бөлетіндіктері. Олардың қаншалықты бірге жұмыс жасайтындығы, ойларын бөлісетіндігі, еркін ашық пікірлерін білдіретіндіктерін бақыланды. Сонымен қатар оқушылардың жекелік қасиетін анықтау, үзіліс уақытында оқушылардың айналасындағылармен қарым –қатынастары бақыланып отырады. Оқушылармен жекелей сөйлесіп кеңестер берілді. Ең бастысы баланың білім алуына қажетті жағдай жасау.

Сынақ тапсырудағы жетістіктер көп жағдайда ата-аналардың қарым-қатынасы мен жауапкершілігіне байланысты болады.

Психолог жұмысының маңызды аспектісі 9,11-сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысы болып табылады. Ол білім беру процесінің барлық қатысушыларының кәсіби өзін –өзі анықтау мәселелерінде әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты: оқу бейіні және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде білім алушыларға кәсіптік бағдар беру, оқушыларда еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау дамыту.

Жасөспірімдердің өзіне –өзі қол жұмсау оқиғаларының алдын –алу бағытында жүргізілетін психологиялық жұмыстар.

Білім алушылар арасында кездесетін келеңсіздіктердің алдын алу. Жеткіншек осы жастағы адамның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмыстарын арттыру жүргізіледі.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу барысында кеңес берілді. Отбасындағы жақсы қарым-қатынас, қоршаған орта, құрбы –құрдастары жеткіншектердің жақсы тұлға болпы қалыптасуына әсерін тигізеді. Өз баламызға қатегез болмауымыз керек екені және балалармен тығыз қарым-қатынаста болуы міндетті екені түсіндірілді. Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлығын және оларға қатыстық тұрмыстық зорлық –зомбылықтың алдын – алу. «Өмірге ия деп айт!», «Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ» 1-11 сыныптар арасында акция өткізілді. «Балалардың кибербуллинг пен кибер қылмыстан қорғау» 1-8 сыныптар арасында түсіндіру жұмыстары, бейнеролик көрсетілді. «Кибербуллинг оның алдын алу» 6-8 сыныптар дөңгелек үстел.

«Қазіргі қоғамдағы қауіпті құбылыс кибербуллинг себептері мен салдары» 8-9 сыныптар түсіндіру жұмыстары өткізілді. «Бала қауіпсіздігі -басты назарда», «Зорлық – зомбылықтың алдын алу» жиналыс түсіндіру жұмыстары. Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез –құлықтың алдын алу және зорлық-зомбылықтың болдырмау мақсатында 5-11 сыныптан сауалнама алынып қорытындысы шығарылды. Анықталған оқушылар жоқ. Сонымен қатар сынып оқушыларына үнемі сырттай бақылау жүргізіліп отырады. Оқушылардың жекелік қасиетін анықтау, үзіліс кезеңдерде айналасындағылармен қарым – қатынасы бақыланды. Сонымен қатар толық емес отбасы, аз қамтылған оқушылармен жеке сөйлесіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Психологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасуына жаман ойлардан аулақ болуға, жағымсыз

қасиеттер болдырмау, өз бойларына сенімділік арттыру барысында ұсыныстар жүргізілді.

«Мен және менің ортам» тренинг. Тренинг мақсаты: өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

Көрнекілігі: «Топта жұмыс істеу ережісі» жазылған плакат,-А4 қағаз беттері, фломастерлер, қарындаштар, қобдиша, адамгершілік қасиеттері жазылған корточкалар, үлестірмелі смайликтер, доп, жіп.Сыныбы: 4-сыныптар

«Мен және менің ортам» атты тренинг өткізілді. Бірінші кезекте оқушыларды шаттық шеңбер арқылы жинап алып тренингтің мақсатымен таныстырылды. Тренинг барысында жалпы «Мен және менің ортам» деген сөзді қалай түсінесіздер деген оқушыларға сауал қойылып өз ойларын ортаға салып ойларын еркін жеткізе алды. Көптеген жаттығулар ойындар жүргізілді. Айта кететін болсақ ортада сиқырлы қобдиша жаттығуы оқушылар ортаға шығып шаттық шеңбер құрып ортада сиқырлы қобдиша тұрады.Ішінде айна жасырылған сол арқылы өзінің бейнесін өзінің тұла бойына күлкі қуаныш ұялата отырып бір сәтке өзін жақсы сезімде сезіне алады. «Жүйрік ой» жаттығуы оқушыларға мынадай сауалдарға ойша өзіңізге ғана іштей жауап беріңіз:

- Маған қажет қасиет мыналар.....
- Менің жанымнан мына адамдардың табылғанын қалар едім, себебі, оқушылар өз ойларын осы сұрақтарға жауап берді. Тренинг өту барысында оқушыларға жақсы әсер қалдыра білді, өз ойларын еркін жеткізе білді, қызықты психологиялық ойындар ойнап өздерін жақсы сезіне алды. Алдағы уақытта тренинг жалғасын табады.

Дарынды және қабілетті оқушылармен психологиялық бағытта жүргізілетін жұмыстар.

Дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру барысында психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетіп, кеңес беру барысында жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетсем.

Мектебімізде оқу жылының басында директордың ғылыми әдістемелік орынбасармен біріге отырып,дарынды оқушылардың тізімін жинақталды. Дарынды оқушыларды анықтау мақсатында сыныптардан алынған «қызығушылық картасы» әдістемесінің қорытындысы бойынша білім алушылардың көбісі биология, география, физика. және журналист бағыттарын таңдады.

«Менің қолымнан келеді» психологиялық тренинг. Мақсаты: өмірге деген бейімділік, табандылық қарым-қатынас орнатуды қалыптастыру. Түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу. Бір-бірімен қарым-қатынас

машығын қалыптастыру. Өзіндік бағаны жоғарлату.Треннингбарысында «ситуациялық сұрақтар», «суреттерді аяқтайық», «мимикалық жағдай»,«кім табу», «атомдар мен молекулалар», «мен саған тілеймін» жаттығулары өткізілді.

Жалпы дарындылық, арнайы дарындылық, дарындылық компоненттері, дарындылық сипаттамасы, шығармашылық, креативтілік, жеке бастың мүмкіндігі. Талабы таудай, қабілеті-қарым мол ізденімпаз жастар көбейіп адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой. Жалпы дарынды баланы таңдап алу ұзақ уақыттың жемісі десек қателеспейміз. Мектепте оқу-тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдің қай-қайсысы болсын, негізінде оқушылардың сана-сезімі, ақыл-ойын мақсат ететін болғандықтан олардың дара ерекшеліктерін біліп, санасып отыру қажет. Дарынды балаларға білім беруді әр ғалымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Баяндама барысында педагогтарға толық ақпарат берілді.

Ата-аналармен психологиялық ақпараттандыру, кеңес беру бағыттарында жүргізілетін жұмыстар

Оқу мен тәрбие процесінде бала, ата-ана, ұстаз болып бірлескен тәрбие жүйесінің тиімділігін арттыруға психологиялық ықпал етіп, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын дамыту арқылы үйлесімді қарым – қатынас орнату. Ата-аналар жауапкершілігін арттыру барысында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсам.

Оқушыларды ҰБТ, ББЖМ-ға психологиялық түрде даярлау мақсатында 4,9,11 сыныптын ата-аналарына кеңес беру. Жасөспірімдердің тестілеу дайындығы кезінде ата-аналардың мінез-құлықтарына қатысты ата-аналарға арналған негізгі психологиялық кеңестер ұсынылды. «Отбасындағы қарым- қатынасын зерттеу», сауалнама «Жасөспірімнің (аутодеструктивті) мінез – құлықтың алдын,алу» ата-аналар жиналысында баяндама. Аутодеструктивті мінез –құлықтың алдын алу барысында кеңес берілді. Өз балаларымызға қатыгез болмау керек екені сонымен қатар үнемі сөйлесіп отыру керек екендігі айтылды. Егер біз жас кезімізден қиындықтарды жеңе алатын қабілетімізді толық дайындайтын болсақ, онда біз жылдар өте келе төзімді адамдарға айналамыз. Балаларға төзімділікті келесі қадамдар арқылы жасай аламыз. «Ата-аналарға баланы емтиханға дайындауға арналған жадынама» таратылды. Ең бастысы баланың білім алуына қажетті жағдай жасау. Сынақ тапсырудағы жетістіктер көп жағдайда ата-аналардың қарым-қатынасы мен жауапкершілігіне болады.

Баланың сынаққа жақсы дайындалуына көмектесу үшін бірнеше кеңестер берілді.

Кибербулинг және буллинг дегеніміз не? тақырыбында түсінік беру. Кибербуллинг – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалауды білдіреді. Егер сен кибербуллинге тап болсаң, не істеу керек жайында ақпарат берілді. Сонымен қатар буллинг шындап адамға зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей кездері буллингтің кесірінен адамдар өзін-өзі өлтіру жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Сондықтан буллинг қашанда жақсы емес, бірақ әр уақытта көмек сұрауға болатыны жайында ата-аналарға түсіндіріліп кетті.

Кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлығын және оларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» айтылды.

Мақсаты: Отбасылық әңгімелесу клубы білім беру ұйымының әлеуметтік әріптестігін жандандыру. Мектеп пен ата –ана байланысын,отбасындағы тәрбиенің рөлін арттыру. Жоспар бойынша қыркүйек айында «Бала психологиясының дамуына отбасы жағдайының ықпалы» баяндама оқылды. Баяндама бойынша ата-аналар постер қорғап, өз пікірлерін білдірді. «Жанымыз жақсылықтан жаралған жүрегіміз мейірімнен нұрланған» тренинг өткізілді. Отбасы клубының ұйымдастырумен 1-4 сынып ата-аналарымен «Уақытты басқару» 7-8 сынып ата-аналарымен «Отбасындағы тәрбие мен білім рухани ахуал» дөңгелек үстел, 9-11 сынып ата-аналарымен «Отбасы ішінде рухани – қолайлы орта қалыптастыру» тренинг жүргізілді.

Педагогикалық ұжым және әкімшілік құрамымен жүргізілген психологиялық жұмыстар

Мұғалімдердің психикалық өзіндік реттелуін жаттықтырып, кәсіби «өсудің» алдын алу. Психологиялық ақпараттандыру. Өз ісіне деген сенімділік пен

құлшыныс сезімдерін арттыру барысында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Дарынды балалар кім? Тақырыбында педагогтарға баяндама оқылды. Мақсаты: дарындылықтың әр түрлі формалары мен түрлері туралы түсініктің қалыптасуына қолдау жасау. Міндеттері: дарындылықтың әр түрлі сыртқы көрінуінің бар екендігін дәлелдеу; дарындылықтың сыртқы көрінуінің түрлерін ажырата білу іскерлігін қалыптастыру; дарындылықтың негізгі сипатының мазмұнын ашу. Дарындылық түрлері. Шығармашылық – дарындылықтың көрінісі ретінде. Оқушының оқу іс-әрекетінің мотивациясы дарындылықтың негізгі сипаттамасы ретінде. Потенциалдық дарындылық. Балалар мен жеткіншектерде дарындылық байқалуының ерекшеліктері төрт топқа бөлінетіні жайында айтылды. Жалпы дарындылық, арнайы дарындылық, дарындылық компоненттері, дарындылық сипаттамасы, шығармашылық, креативтілік, жеке бастың мүмкіндігі.

Мұғалімнің психологиялық педагогикалық мәдениеті тақырыбындағы тренинг жүргізілді. Мақсаты: ұжымның арасындағы психологиялық ахуал туғызу, мұғалімдердің мінез-құлықтарын анықтау, өздері жайлы қысқаша ақпаратпен бөлісу мақсатында жүргізілді. Барлық мұғалімдерге жеміс-жидектердің суреттері ұсынылды. Әр мұғалім өзіне ұнаған жемісін таңдап, сол таңдаған жеміс-жидектерге байланысты қорытындысы сол жерде айтылып кетті. Барлық мұғалімдердің көңілдерінен шықты. Таңдаған жемістері өздеріне сай келді.

АҚТБ/ЖҚТБ ауруы және салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы атқарылған жұмыстар

Мектепте «Нашапост» жұмысының мақсаты – дұрыс білім алуға қолайлы жағдайлар туғызу, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, нашақорлық заттармен ішімдікті қабылдаудың алдын алу, оқушылардың мінез – құлықтарын дұрыс жолға қою. Міндеттері: ауытқыған мінез – құлықты қалыпқа келтіруге бағытталған жекелеме тәрбие жұмыстарын жүргізу, тәуелділікті қалыптастыру; Балаларды психоактивті заттарды қолданудың алдын алу; Ата – аналарды нашақорлық жағдайларды, ауытқыған мінез – құлық салдарын анықтау және салауатты өмір салтын насихаттау.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері. Оқушыларға мектеп медбикесімен қыз баланың бой жетуі, жеке бас гигиенасы туралы дәріс, әңгіме, видео, слайд, кеңес берілді. Салауаттанудың негізгі мақсаты — әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі мақсаты - балалар мен

жастарда жас ерекшеліктеріне, құндылық бағдарларына және имандылық- еріктілігіне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру барысында кеңес берілді. «Қыз өссе немесе ұлттық тәрбие –ұлттың салауатты болашағы» ақпарат «Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады» дәріс оқылды.

«Ұрпақ тәрбиесі –ұлт болашағы» тәрбие сағаты « Қыз бен ұлдың достығы қандай болу керек»дөңгелек үстел «Ел ертеңі – есірткісіз болашақ» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушылармен әңгімелесе отырып, өздерің жақсы жағынан жоғары ұстауға, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту мақсатында.

Мектебімізде құқық бұзушылықтың алдын алу және «Терроризмге жол жоқ!» кездесу«Бала қауіпсіздігі –басты назарда» ауыл инспекторы және мектеп психологымен, әлеуметтік педагогпен бірге қауіпсіздік ережелерді сақтай отырып, сыныптарды аралай отырып түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Яғни, 8 – 11 сыныптың оқушыларымен кездесу ұйымдастырып. Ұсақ бұзақылықтардың түрлерімен және бұзақылық жасаған жағдайда тартылатын заңды түрде жазаларымен толық таныстырып кетті.

«Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбы бойынша сурет салынды.

Сонымен қатар зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында апталық жүргізіліп жатқаны жөнінде хабар беріп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың салдарынан әртүрлі жағдайлар туындаған жағдайда бізге немесе сынып жетекшіге, психологқа келіп айтуға болатыны жайында ескертілді. «Зиянды әдеттерден сақтан» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Оқушылардың ауыл инспекторына арналған сұрақтарын қоя отырып, өздеріне жауаптарын жоғары дәрежеде алды. Темекі шегудің, маскүнемдіктің нашақорлықтың алдын алу барысында 10-11 сыныптың оқушыларына үнпарақ таратылды.

Зиянды заттардың алдын алу барысында мектебімізде тәрбие сағаттары өткізілді. Жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу барысында баяндама оқылды. Қазіргі таңда тұрмыстағы т.б.



зорлық- зомбылықтың түрлері көбеюіне байланысты алдын алу барысында толық ақпарат беріліп кетті. Сондай жағдайға тап болғанда баланың мінез- құлқындағы өзгерістер болатыны жайлы және үнемі балаңызбен тығыз қарым-қатынаста болу ұсынылды.

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер: Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мектептің білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталады: оларға сәйкестікті растайтын барлық құрылтай құжаттары бар. Бұл мектептің жарғысы, жеке тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама, білім беру қызметі құқығына лицензия және оған қосымша, санитарлық ережелерге сәйкес білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шарты, ішкі тәртіп ережелері, мектептің техникалық паспорты.

Ішкі тәртіп ережелері, мектептің техникалық паспорттары. Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т. б.). *(Басшының қолымен және мөрімен расталған әдістемелік ұсынымдар 9,10,11 - қосымшаға сәйкес кестелер қоса беріледі).*

Білім беру қызметтерінің (кабинеттер, дәріс аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, дене шынықтыру) сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы залдар (өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар, қол жуатын раковиналар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы).

Қостанай облысы «Жасбуын жалпы білім беретін мектебі» КММ ғимараты жеке тұрған ғимаратта орналасқан, 1972 жылы пайдалануға берілген. Ғимараттың техникалық жағдайы жақсы. 2021-2022 жылы 220 000 000 сомасына күрделі жөндеу (шатырды, терезелерді, электр қуатын, еден төсеніштер (кафель, линеолиум) ауыстыру) жүргізілді. Жыл сайын жан басына шаққандағы қаржыландыру есебінен оқу кабинеттерін, рекреацияларға косметикалық жөндеу жүзеге асырылады. Мектеп ғимаратының периметрі бойынша көше жарығы, сондай-ақ құлыпталатын



қақпалары мен қақпалары бар қоршау бар.

Мектеп аумағында тәжірибе алаңы, оқушыларға арналған демалыс аймағы бар. Оқушылардың демалысы: екі әткеншек, екі сырғанақ, көлеңкелі ойын алаңы, балансир әткеншегі.

Тәжірибе алаңында оқушыларға тәжірибе ретінде түрлі ағаш түрлері мен бақша дақылдарын өсіруге арналған. Аумақты абаттандыру көгалдандыру, ағаштар, бұталар, көгалдар, гүлзарлар арқылы шешіледі.

Мектептің құрылымы кірпіштен жасалған, 1 қабаттан тұрады. Ғимарат 1972 жылы пайдалануға берілген орталық жылыту жүйесімен жабдықталған, орталық су құбыры, электр жарығы, телефон байланысы және интернет, дербес кәріз жүйесі жабдықталған. Мектептің жалпы ауданы – 1500 м² құрайды. Жұмыс алаңы-1,495 га. Алаң қолданыстағы санитарлық нормаларға, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, тіркелген жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортына (№ 101000107245329) сәйкес келеді.

Оқу ғимаратында ұлдар (1), қыздар (1), мүмкіндігі шектеулі жандар үшін (1) үшін бөлек жылы санитарлық тораптар орналасқан (жалпы саны 3 объект) орналастырылған.

Мектепке кіру

- Пандустардың болуы, екі жағынан тұтқалардың болуы;
- кіреберіс пен кіреберіс алаңында тайғақ емес жабынның болуы, мектептің қолжетімділік белгісін белгілеу, баспалдақтағы бірінші және соңғы сатылардың қарама-қарсы боялған;

Бөлмедегі қозғалыс жолдары:

- рельефтік (тактильді) жолақтардың болуы, баспалдақтардың жоғарғы және төменгі жағында (ені), демалыс және күту орындарының жабдықтары;
- Ақпарат және телекоммуникация құралдары;
- қажетті жазулар бар, есту аймағы бар кіре берісте дыбыстық маяктың (радиотрансляциясы бар динамиктің) болуы, Брайль алфавитімен тактильді тақтайшалар бар.

Мектеп асханасының жалпы ауданы -48,3 м² (асхана залы 34,56 м² және ас үй бөлмесі-13,74 м²). Асханадағы адамдар отыратын орындықтар саны - 40. Ас үй бөлмесінің аймақтары бар: ыстық цех, ыдыс жуатын бөлме, ас үй ыдыстары, сусымалы өнімдерге арналған қойма, көкөніс қоймасы. Асхананы жеке меншік кәсіпкері (Ақбарова Айнур Сагимбаевна) (жалға алуды) ұйымдастыру туралы шарт негізінде жүзеге асырады. Оқушылар 100% ыстық тамақпен қамтылған. Оқушылардың көпшілігі ұйымдасқан түрде тамақтанады.

94 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды Ақбарова Айнур Сагимбаевна 22.01.2025 жылғы № 10 қызмет көрсету туралы шарт).



Лицензияланған медициналық пункт (лицензия №19022916. 22.11.2019 ж.) жұмыс жасайды. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету және бақылау келісімшарты (6.01.2025 – 25.05.2027 ж.ж.) бар. Кабинет аумағы 15,2 м². Медициналық кабинет қажетті жабдықтармен жабдықталған

1. Жазу үстелі
2. Орындықтар
3. Кушетка
4. Кеңсе шкафы
5. Медициналық шкаф
6. Керме
7. Әйнек қақпағы бар медициналық шағын үстел
8. Тоңазытқыш
9. Танометр
- 10.Фанендаскоп
- 11.Бактерицитті шам
- 12.Медициналық таразы
- 13.Бой өлшегіш
- 14.Медициналық термометр
- 15.Қайшы
- 16.Қол жуатын раковина
- 17.Педальді қақпағы бар шелек
- 18.Медициналық халаттар,қалпақтар
- 19.Кеңсе тауарлары
- 20.Бір рет қолданылатын жаймалар
- 21.Бір рет қолданылатын бетперделер
- 22.Бір рет қолданылатын қағаз сүлгілер
- 23.Резеңке бұрау
- 24.Бүйрек тәрізді науа
- 25.Мұзға арналған ыдыс
- 26.Көздің көргіштігін анықтауға арналған кесте
- 27.Сантиметрлік лента
- 28.Дозаторлы сұйық сабын
- 29.2,0, 5,0, 10,0 инелері бар шприцтер

Мектептің кітапхана қоры. Мектептің кітапхана қоры. Оқу залына бейімделген кабинет бар, ауданы-26,5 м² Кітапхана мүлігі:

Кітапхана қоры: - 17586. Оқу залы- 1. Кітапхана сөрелері - 4 ағаш сөре және 2



темір сөре. Оқу залындағы орындық саны - 10.

Мектеп аумағында жұмыс және әкімшілік кабинеттер қарастырылған: мектеп басшысының кабинеті ауданы-15,6 м², басшының қабылдау бөлмесі, ауданы - 15,2 м², басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарларының кабинеті ауданы және басшының тәрбие жөніндегі орынбасарларының кабинеті ауданы-12,6 м², Педагог психолог және логопед кабинеті ауданы -13,9 м². 12 оқу кабинеті бар барлық ауданы зертханалық кабинетпен бірге – 500,1 м² Пайдалы оқу алаңы 1 оқушыға есептегенде – 3,7 м², бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес келеді. Оқушыларды оқыту сынып-кабинет жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Оқу кабинеттерінде мұғалімдер мен оқушыларға арналған жұмыс аймақтары бар, техникалық және дидактикалық жабдықтар (компьютер немесе ноутбук, Интернетке шығатын принтерлер, магниттік тақталар, дидактикалық көрнекіліктер, алфавиттер, схемалар, ережелер мен нұсқаулықтар) бар. Әрбір кабинетке Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес білім алушылардың өсуіне сәйкес оқу жиһазы таңдалады), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған қосымша кеңістік пен жиһаз бар.

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттері туралы мәлімет:

Мектептегі қазақ тілі және әдебиеті кабинеттерінің саны-1, ауданы кабинет-50,1 м²

Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттеріндегі құрал-жабдықтар.

Жиһаздар: Тақта -1 дана, мұғалім үстелі 1 дана, оқушыларға арналған парталар - 9 дана, оқушыларға арналған орындықтар 18 дана, көрнекіліктерге арналған ашық және қақпалы сөрелі шкаф -1 дана, термометр -1 дана, терезе пердесі -2 дана,

Техникалық құрал-жабдықтар.

Мұғалімге арналған жеке моноблок – жоқ компьютер – 1 дана, процессор – 1 дана, клавиатура – 1 дана, мышка – 1 дана, колонка – жоқ, интербелсенді тақта- 1 дана, проектор- 1.

Дидактикалық материалдар: қазақ тілі және әдебиеті пәнінің тақырыптық қабырға стенді 2 дана, сынып бұрышы-1 дана. Тақырыптық плакаттар, сыныптар бойынша оқулықтар жиынтықтары. Дидактикалық тапсырмалар-1 дана. Үлестірме дидактикалық материал-1 дана. Сөздіктер-1 дана, қосымша: қоқыс себеті-1 дана, тақтаға арналған магниттер жинағы-2 дана, борлар-20 дана.

Химия кабинеті 8 кабинет – 52,2 м² + лаборатория –17,7 м². Кабинет жабдықталған: жиһаз. Бормен жазатын тақта – 1 дана, интерактивті тақта – 1 дана, мұғалім мен компьютер қондырмасы бар мұғалім үстелі – 1 дана, демонстрациялық үстелі – 1 дана, мұғалім орындығы – 1 дана, парта 2 оқушыға



арналған – 10 дана, оқушы орындығы – 20 дана. Лабораториялық құралдарға арналған жабық, шыныланған сөрелі шкаф – 2 дана, сорғыш шкаф – 1 дана, химиялық реактивтерді сақтауға арналған арнайы шкаф – 2 дана. Видеопроектор – 1 дана, дыбыс колонкасы – 1 дана, веб камера-1

Химияның сандық лабораториясы. Химиялық құрал-жабдықтардың комплектісі – жоқ, қышқылдар және негіздер – жоқ, электрөткізгіштік – 1 дана, химиялық құрал-жабдықтарының лотогі – 2 дана, химиялық байланыстар – 1 дана, рН датчигі – 1 дана, 0-100⁰С температурасының датчигі – 1 дана

Зертханалық жұмыстарға арналған құралдар. Жинақтар комплектісі:

«Алюминий» жинағы – 1 дана, демонстрациялық «Талшықтар» жинағы – 1 дана, демонстрациялық «Тас көмір және оның өңдеу өнімдері» жинағы – 1 дана, «Металдар» жинағы – 1 дана, «Минералдар мен тау жыныстары» жинағы – 1 дана, «Мұнай және оны өңдеу өнімдері» жинағы демонстрация –1 дана, «Пластмассалар» жинағы – 1 дана, «Шыны және шыны бұйымдары» жинағы – 1 дана, «Жанармай» жинағы – 1 дана, «Шойын мен болат» жинағы – 1 дана, «**Химиялық тәжірибелерге арналған құрал- жабдықтар, ыдыс-аяқтар жиынтығы және керек-жарақтар:** суды дисталлизациялау құрылғысы (220 В) – 1 дана, аралас су моншасы* - 1 дана, ыдыс кептіруге арналған тақта – 1 дана.

Демонстрациялауға арналғандар: жоғары вольтты генератор (көз) – 1 дана, ареометрлер жинағы (19 дана) – 1 дана, зертханалық тұрғы –20 дана, химиялық реакцияларды жүргізуге арналған аппараттар – 1 дана, химиядан зертханалық және практикалық жұмыстарға арналған жиынтық – 20 дана, химиядан зертханалық және практикалық жұмыстарға арналған жиынтық - органикалық химия – 1 дана, химиядан зертханалық және практикалық жұмыстарға арналған жиынтық - бейорганикалық химия – 1 дана, химиялық реакциялар жылдамдығының шарттарға тәуелділігін бейнелеуге арналған құрылғы – 1 дана, спиртті мыс катализаторымен тотықтыруға арналған құрылғы – 1 дана, галогеналкандарды алуға арналған демонстрациялық құрылғы – 1 дана, қатты күйде еритін заттарды алуға арналған құрылғы – 1 дана. **Химиядан зертханалық және практикалық жұмыстарға арналған жиынтық:** жеке қорғаныс жинағы – 14 дана, «Көмірсулар химиясы» -жоқ, электрондық таразылары – 1 дана, салмағы 200 г дейінгі жаттығу таразылары – 20 дана, заттардың массасының сақталу заңын суреттеуге арналған құрылғы – 10 дана, сұйық термометр (0-100 градус) – 20 дана, химиялық зертханалық тұрғы – 20 дана. Бейорганикалық химия курсына арналған кестелер жинағы (1 дана, А1, толық түсті, ламинатталған)

– 1 дана, химия бойынша анықтамалық кестелер – 1 дана, «Әйгілі химиктердің портреттері» (рамалы) – 8 дана, атомдағы электрондардың бұлттары – 1



дана, химиялық байланыстардың түрлері – 1 дана,
«Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесі» кестесі – 1 дана, қауіпсіздік ережелері бойынша кесте – 1 дана, «Қышқылдардың, негіздердің, тұздардың суда ерігіштігі» кестесі –1дана.Металдардың кернеу қатары- 1 дана.Сынып бұрышы-1дана. Термометр-1. Өрт сөндіргіш -1.

Физика кабинеті (ауданы 41,5 м²). Кабинет жабдықталған: Бор тактасы-1 дана, компьютерге арналған префиксі бар мұғалімнің үстелі - 1 дана, қолтықтары бар роликтерде айналатын орындық- 1 дана, Оқушыға арналған 2 орындық зертханалық үстел-8 дана, Оқушы орындығы -16 дана, Ашық және жабық серелері бар оқу-корнекі куралдарта арналған шкаф-1 дана, Зертханалық жиһаз. Бір үстел үстелі-1 дана, жабық шкаф-1 дана, ашық шкаф-1 дана.

Физика бойынша сандық зертхана.

1. Демонстрациялық жиынтықтар, аспаптар мен керек-жарақтар. Барометр-анероид -1 дана,
2. Электрондық таразы 200 граммға дейін (0,1 грамм) -1 дана,
3. Айнымалы тоқты елшеуге арналған
4. Вольтметр-2 дана,
5. Психрометриялық Гигрометр-1 дана,
6. Демонстрациялық Динамометр-5 дана,
7. Айна денес және ойыс (Оптика жиынтығында болмаған
8. жадайда)-1 жуп,
9. Сұйық демонстрациялық Манометр-1 дана,
10. Айнымалы тоқты елшеуге арналған
11. Микроамперметр-5 дана,
12. Айнымалы тоқты олшеуге арналған
13. Милиамперметр-4 дана,
14. Кристалдық тор моделі-1 дана,
15. Атмосфералық қысымды зерттеуге арналған демонстрациялық жиынтық-1 дана,
16. оптиканы зерттеуге арналған
17. демонстрациялық жиынтық- 1дана,
18. Электростатиканы зерттеуге арналған демонстрациялық жинақ-1 дана, Физика кабинетіне арналған куралдар жиынтығы-1 дана,
19. Физика кабинетіне арналған зертханалық ыдыстар мен керек-жарақтар.

Математика кабинеті – 36,6 м² Кабинет жабдықталған . Бормен жазатын тақта - 1дана,мұғалім столы -1 дана, мұғалім орындығы -1 дана,терезе пердесі-2 дана,



Компьютерге арналған стол - 1 дана , оқушылар партасы - 9 дана, оқушылар орындығы-18 дана , сынып бұрышына арналған стенд-1 дана, пәнге арналған стендтер - 4 дана, гүл қоятын орын - 0 дана. Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта - 0 дана, проектор - 0 дана, компьютер - 0 дана. Қосымша: Қоқыс себеті - 1 дана, борлар -20 дана

Биология және география кабинеті ауданы -49,8 м². Кабинет талапқа сай мүліктер мен техникалық құралдар, көрнекілік құралдар, оқулықтар, дидактикалық материалдармен жабдықталған.

Парта-10 Орындық-20 Шкаф-4. Оқытушы орындығы-1. Қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі-сәйкес келеді. Биологиялық бұрыш.

Компьютер-1 /монитор-1. Биологияға қажетті жабдықты сақтауға арналған ғылыми арбалар жинағы-4.

Өсімдіктердің негізгі топтары гербарий-1; Ашық тұқымды өсімдіктер жинағы-1, коллекция ашық тұқымдылар-1 дәрілік өсімдіктер-1: Жалаңаш тұқымды өсімдіктер-1. Ауыл шаруашылық өсімдіктер гербарий-1 Микроскоп-7. Теңіз түбі жинақтамасы-2. Ұлулар қабыршақтар жинақтамасы-1. Бунақденелілер жинақтамасы-20. Анатомия-5. Гүлді өсімдіктер тозаңы-1. Саңырау құлақтар топтамасы -1 Бидай жинақтамасы-1 Зоология шағын препараттар жинағы-1. Муляждар-3 Тіс гигиенасының үлгісі-1. Көз үлгісі-1. Омыртқалылар миының құрылымы үлгілерінің жиынтығы-1

Суреттер, плакаттар-3 Құлақ үлгісі-1. Мәдени өсімдіктер жинақтамасы-1 дана.

Биологиялық құралдар. Тест жинақтары. Биологиялық анықтамалары. Қосымша энциклопедия кітаптары. Әдіс-тәсілдер жинағы.

География пәні бойынша жабдықтар. Глобус-1 дана. Қазақстанның физикалық картасы -1 дана. Қазақстанның экономикалық картасы-1 дана. Қазақстанның саяси картасы-1 дана. Дүниежүзінің саяси картасы- 1 дана. Дүниежүзінің жарты шарлар картасы-1 дана. Компас -1 дана. Флюгер-1 дана. Географиялық нысандар макеттері-3 дана.

Тарих кабинеті – 42 м². Кабинет жабдықталған: Бормен жазатын тақта -1 дана, мұғалім столы- 1 дана, компьютерге арналған стол -1 дана, жұмсақ орындық 1 дана, оқушылар партасы-10 дана, оқушылар орындығы 20 дана, көрнекі құралдарға арналған шкаф-1 дана. Сынып бұрышына арналған стенд -2 дана. Оқытудың техникалық құралдары: Интернет желісіне қосылған компьютер-0 дана, интерактивті тақта -0 дана, термометр- 1 дана, гүл қоятын орын-1 дана.

Жас сарбаз (алғашқы әскери және технологиялық) дайындық кабинеті-1 Кабинет жабдықталған: бор тақтасы -1 дана, оқытушы үстелі -1 дана, екі орынды оқушы үстелі -5 дана, оқушы орындығы-10 дана, Қаруды сақтауға арналған шкаф -1 стендтер мен плакаттар АӘД кабинетіне арналған қабырғалық стендтер -8 жинақ, жол қозғалысы ережелері бойынша плакаттар жинағы-1 жиынтық , автоматтың макеті ағаш дана -4 дана, шағын сапер күрегі-1 дана, санитарлық мата зембилдері -1 дана, азаматтық газқағар-5 дана.



Информатика кабинеті (ауданы 42м²).

Кабинет жабдығы: Бормен жазатын тақта 1 дана, мұғалім үстелі (компьютерге) 1 дана, бір орынды компьютер үстелі 16 дана, оқушы орындығы 16 дана, көрнекі құралдарға арналған шкаф-жоқ, ғаламторға шығу мүмкіндігі бар 16+1 дербес компьютер, желілік сүзгі 8 дана, Қауіпсіздік техника ережесі бар стенд – 1, Ақпараттық технологиялар стенд -жоқ, қоқыс шелегі 1 дана, проектор 1 дана, веб камера- жоқ, модем 1 дана.

Орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі кабинетінің көлемі-40,5 кв.м

Кабинет тегі құрал-жабдықтар:Тақта- 1 дана, мұғалім үстелі тартпасымен -1 дана, оқушыларға арналған парталар -12 дана, оқушы орындығы-24 дана көрнекіліктерге арналған ашық және қақпалы сөрелі шкаф-1 дана

Термометр-1 дана Терезе пердесі-3 дана

Дидактикалық материалдар:

Қабырға стенді-4 дана Сынып бұрышы-1 дана

Тақырыптық плакаттар, сыныптар бойынша оқулықтар жиынтықтары:

Дидактикалық тапсырмалар-2 дана

Үлестірме дидактикалық материал- 2 дана Сөздіктер -4 дана

Орыс тіліндегі көркем әдебиет кітаптары-3 дана

Қосымша:

Маркер тақтасының губкасы- 2 дана Тақтаға маркерлер- 2 дана

Қоқыс себеті-12 дана

Тақтаға арналған магниттер жинағы -2 дана Борлар – 20 дана

Ағылшын тілі пәніне арналған оқу-методика:

Суретті сөздік – 1. Грамматикалық таблицалар (плакаттар) – 15. Сөз

таптары(плакаттар) – 9. Әлем әдебиетінің танымал жазушылары (плакаттар) – 8.

Әлем әдебиетінің танымал кейіпкерлері буклет – 4. Құрама Патшалық мемлекеттер картасы – 1.

Шеберхана кабинеті. Кабинет аумағы – 33 м².

Кабинет жабдықтары: Мұғалім столы – 1. Мұғалім орындығы – 1. Тақта – 1.

Вертсак (слесарлық) – 6. Оқушы партасы – 4. Оқушы орындығы – 8. Ақпараттық

стенд – 4. Шкаф – 2. Қосқыш-ажыратқыш – 2. Ағаш жону станогы (JET(JWL-

122L)) – 1. Ағаш жону станогы пышақтары – 10. Электр қайрағы LTESO

(BG350-200)) – 1. Ағашқа күйдіріп өрнек салу құрылғысы – 10. Қыл ара – 10.

Ағаш арасы – 10. Стусло – 5. Ағашқа бедер салу пышақтары – 5 жиынтық.

Қоқыс шелегі -1.

Қыз балалармен жұмысқа арналған құрал жабдықтар: кесте инесі- 6 дана, қол инесі-25, мата түрлеріне арналған үлестірімелі қималар-15 оқушыға арналған, тоқуға арналған ілмектер-10 дана, өлшеуіш лентасы-5 дана, киім пішетін үлгілер әр түрінен, сызғыш 30 см-2 дана, оймақ-5 дана, жібек жіптер топтамасы-5 дана, тоқуға арналған қалың жіптер-6 дана әр түрлі,тігуге арналған армирование-әр түрлі түстерден-1 дана, қайшы саны-15 дана, киім пішуге арналған үлкен

қайшылар-3 дана, канцеляр қайшы-5 дана, тоқуға арналған білтегеш-12 дана, шеберлерге арналған кесте-6 дана, алғашқы көмек жинағы-1, алжапқыш-5 дана, бас орамал-5 дана, А4 қағазы-1, киім ілгіш-10 дана, айна-1 дана, манекен-1, қауіпсіздік ережесіне арналған папка-10 дана.

Бастауыш сынып кабинет-1. Кабинет- 32 м.² Кабинеттегі жиһаздар саны: Мұғалім столы- 1, орындықтары -1. Компьютер-1, проектор-1. Оқушылар партасы-8, оқушы отыратын орындықтары-16. Оқушыларға арналған шкафтар саны-15, тақта саны-1. Бөлмелік термометр-1. Сынып бұрышы-1. Қазақ әліпбиі стенд-1.

Дене тәрбиесі бойынша бағдарламаны орындау үшін мектеп аумағында: жалпы алаңы бар 1 спорт залы (128 м²), жалпы ауданы бар жеке киім ауыстыратын бөлмесі (15,7 м²), Спорттық жабдықтар: гимнастикалық төсеніштер – 10 дана , пластикалық шаңғы – 10 дана, коньки – 10 дана, баскетбол қалқаны – 2 дана, волейбол қалқаны-1 дана , волейбол сөрелері – 1 жұп, шағын футболға арналған қақпа – 2 дана, тартуға арналған қанат – 1 дана, баскетбол доптары – 7 дана, волейбол доптары – 7 дана, футбол доптары – 6 дана, волейбол торы – 1 дана, баскетбол торы – 2 дана, шағын футбол торы-2 дана, волейбол торына арналған кабель-2 дана, жиынтықтағы теннис үстелі-1 дана, үстел теннисіне арналған тор-1 дана, үстел теннисі ракеткасы – 2 дана, тоғызқұмалақ - 4 дана, шахмат және дойбы – 10 дана, лақтыру добы – 3 дана, лақтыруға арналған граната 500 грамм – 3 дана, 700 грамм – 3 дана, эстафеталық таяқша – 3 дана, биіктікке көтерілуге арналған арқан – 1 дана, гимнастикалық ешкі – 1 дана, гимнастикалық таяқша – 2 дана, секірткіш – 4 дана. Мектеп аумағында футбол алаңы, волейбол алаңы болмағандықтан Қарасу ауылдық округі әкімдігімен ауылдық спорт алаңдарын пайдалануға келісімшарт жасалды.

Қауіпсіздік мақсатында 32 дана сыртқы және ішкі бақылау бейнекамералары орнатылған, автоматты өрт дабылы, **12** өрт сөндіргіш бар, оларды техникалық куәландыру және қайта зарядтау уақтылы жүзеге асырылады. Сөйлеуді құлақтандыруға, бейнебақылауға, автоматты өрт дабылына және дабыл түймесіне техникалық қызмет көрсету жүргізіледі. Келісім шарт № 38 28.01.2025 ж. Дабыл түймесі орнатылған.

Мектепте **15** компьютер және 20 неедбукпен жабдықталған, интернет желісіне **15** компьютер қосылған. Мектепте 1 компьютерге 4 оқушыдан келеді. Мектеп «Қазақтелеком» АҚ кең жолақты (ВОЛС)Интернетке, үш қосылу нүктесіне қосылған. Бірінші нүкте 50 Мбит/с. Екінші, үшінші нүктелер 20 Мбит/с жылдамдықты береді. Сыртқы және ішкі ақпараттық ресурстарға уақтылы және тұрақты қол жеткізу үшін жергілікті есептеу желісін кеңейту бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

2017 жылдан бастап ақпараттық білім беру порталын белсенді пайдалану



басталды. Ресурстарға қол жеткізу барлық педагогикалық ұжымға, барлық білім алушыларға жеке логин мен пароль арқылы қамтамасыз етіледі. Порталға кірудің апта сайынғы мониторингі сабаққа дайындық кезінде жақсы белсенділікті және онлайн мазмұнды жиі пайдалануды көрсетеді (әсіресе қашықтықтан оқыту кезеңінде белсенді).

Басқару бөлімінің кабинеттері келесі жабдықтармен жабдықталған:

Мектеп директоры кабинетінде -1 компьютер интернетке қосылған және 1 принтер, басшысының қабылдау бөлмесінде-1 компьютер және 1 принтер, интернетке қосылған. Директордың оқу ісі жөніндегі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары кабинетінде- 1 компьютер интернетке қосылған және 1 принтер. Мектеп тәлімгерінде 1 ноудбук және түрлі-түсті принтер бар. Психолог және логопед 2 ноудбук бар, интернетке қосылған.

«Әдістемелік қызмет» оқу жұмысын жақсарту үшін АКТ қолдану мақсатында барлық мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Ақпараттық технологиялар саласындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жүзеге асырылады: Интерактивті тақтамен жұмыс істеу, сайттарды, портфолиоларды әзірлеу, кәсіби қызметте web технологияларын пайдалану бойынша мектеп семинар - тренингтері өткізіледі.

Мектепте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақпараттандыру жоспарына сәйкес бірқатар міндеттер іске асырылады: «Bilimklass», «ҰБДҚ» қолжетімді дұрыс және уақтылы толтырылып және көрсеткіш мониторингі көрсетіліп жасалып отырылады. Білім беру процесінде техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша консультациялық қолдау, білім беру процесінде АКТ қолдану бойынша оқыту семинарлары және пайдалану қағидалары мектептің педагогикалық ұжымы үшін автоматтандырылған жүйе түрінде өткізіліп отырылады жүйеленген білім беру порталының цифрлық ресурстарын пайдалану динамикасының апта сайынғы мониторингі «Bilimland.kz-Online Mektep» оқу процесінде жасалып жүйеленіп отырылады .



6 - бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

**Оқыту нәтижелеріне бағытталған білім мазмұнының критерийлері:
бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне
қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар
тізбесіне сәйкестігі (Әдістемелік ұсынымдарға
12- қосымша қоса берілген).**

Мектеп кітапханасы оқу-тәрбие үдерісі мен ғылыми зерттеулерді әдебиеттермен және ақпараттармен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ білімді, рухани және интеллектуалдық қарым-қатынас пен мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Ол мектептің бірінші қабатында орналасқан. Кітапхана бір оқшауланған бөлмені алады, ауданы-26,5 шаршы метр. Кітапхана ағаш және темір стеллаждармен және сөрелермен, 6 жазу үстелімен, 12 оқушы орындығымен жабдықталған.

Кітапхана жұмысын кітапхана меңгерушісі Даутбаева Қ.Е. ұйымдастырады. Кітапхана меңгерушісі, Даутбаева Қ.Е. арнаулы орта білімді, 1990 жылы Арқалық педагогикалық училищесінің «мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбие» мамандығы бойынша бітірген. Кітапхана ісі бойынша 2015 ж мектеп кітапханасының негізгі құжаттары, 2011 ж «Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында өз білімін көтерді(Қостанай қаласы), 2017 «Кітапхана рухани жаңғыру жолында: кітап арқылы жаңашылдыққа» тақырыбында аудандық семинар. 2018 ж кітапханаларға арналған кітапхана жұмысындағы «Иновациялық технологиялар» (Қостанай қаласы), 2020ж «Оқушылардың оқырмандық дағдыларын дамытудағы дәстүрлермен инновациялар» тақырыбында өткен кітапханашылардың аудандық семинары, Білім беру ұйымының ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі» 2024 ж (Қостанай қаласы),

Жалпы еңбек өтілі 38 жыл, осы мекемеде 23 жыл.

Мектеп кітапханашысы тақырыптар бойынша аудандық, облыстық семинарларға қатысып, сертификаттарға ие болды. «Оқушылардың оқырмандық дағдыларын дамытудағы дәстүрлер мен инновациялар» тақырыбында өткен кітапханашылардың аудандық семинарында өз іс-тәжірибесін көрсетті. Кітапханашылық жұмыс барысында аудандық білім бөлімінің мақтау грамоталарымен, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысының кітапханашылар күніне байланысты дипломымен марапатталды.

Кітапхананың жұмыс уақыты – күн сайын сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс күндері – сенбі, жексенбі. Кітапхана мектеп басшысы бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді.

Кітапхананың негізгі қызметі:



- оқу сауаттылығын, ақпараттық дағдыларды дамытуға, оқытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және мәдениетпен таныстыруға ықпал ету;
- балаларда оқу мен оқудың әдеттері мен қуаныштарын, сонымен қатар өмір бойы кітапхананы пайдалану қажеттілігін дамыту және қолдау;
- ақпаратты құру және пайдалану мүмкіндіктерін қамтамасыз ету: білім алу үшін де, түсіну мен қиялды дамыту;
- жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ оқушыларға әртүрлі
- идеялар, пікірлер және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа мүмкіндіктерді пайдалану;
- мектеп оқушыларының эмоционалдық дамуына ықпал ететін мәдени-әлеуметтік өзін-өзі тануға тәрбиелейтін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;
- мектеп мақсаттарын жүзеге асыруға үлес қоса отырып, оқушылармен, мұғалімдермен, әкімшілікпен және ата-аналармен жұмыс жасау;
- қатысушылар арасында кітапханалық-библиографиялық білімді насихаттау;
- оқушылардың, мұғалімдердің хоббиін, олардың бос уақытын тиімді өткізуді зерттеу арқылы оқырмандарға жеке қызмет көрсету сапасын арттыру;
- мектеп қызметкерлерінің ғылыми, әдістемелік, педагогикалық шеберлігін арттыруға көмектесу.

Оқу және көркем әдебиет қорымен жұмыс.

Жылы	Негізгі қоры	Оқу қоры
2022-2023	16765	11804
2023-2024	17049	11948
2024-2025	17583	12323

Соңғы үш жылда «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында әдебиеттерді алудың арқасында көркемдік қорда оң үрдіс байқалды.

Бүгінгі таңда кітапхана қоры: жаратылыстану-математикалық бағыты мен қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқулықтармен толықтырылды.

Сынып	Қатысушылар саны	Оқу әдебиеті жинақтарының саны	%
1	13	12	100
2	12	11	100



3	12	12	100
4	14	13	100
5	7	7	100
6	15	15	100
7	12	12	100
8	10	10	100
9	18	18	100
10	15	15	100
11	8	8	100

Жыл сайын облыстық және республикалық маңызы бар «Егемен Қазақстан», «Зеленое яблоко», «Учительская плюс», «Ана тілі», «Қостанай таңы», «Білімді ел», аудандық «Амангелді арайы» атты газет-журналдарға жазылым бар. Дәстүрлі емес ақпарат құралдарындағы оқу құралдарының саны жыл сайын артып келеді. Кітапхананың оқу қорында 200 дана электронды дискілер бар.

